

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

“Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті”  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы

Әбдікерім Ерсұлтан Нұртазаұлы

Шалқия кенішінің шарттарында штрек жерасты тау-кен казбасын  
өту технологиясын жобалау

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

6B07205 – Тау-кен инженериясы


Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӨНЕ ЖОҒАРФЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

“К.И. Сәтбаев атындағы Қазак ұлттық техникалық зерттеу университеті”  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра менгерушісі,  
техн. наулем.д-ры, профессор

*С.К.Молдабаев*  
«05» 06 2024 ж.

Дипломдық жобага  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: Шалқия кенішінің шарттарында штрек жерасты тау-кен казбасын өту технологиясын жобалау

6B07205 – Тау-кен инженериясы

Орындаған



Әбдікерім Ерсүлтан Нұртазаұлы

Ғылыми жетекші  
ага оқытушы, PhD д-ры  
*Б.К.Бектур* Бектур Б.К.  
«31» 05 2024ж.

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФЫЛЫМ ЖӨНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

“Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті”  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ә.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы

6B07205 – Тау-кен инженериясы мамандығы



**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Әбдікерім Есілтан Нұртазаулы

Такырыбы: Шалқия кенішінің шарттарында штрек жерасты тау-кен казбасын өту технологиясын жобалау.

Университет ректорының 2023 жылғы «04» 12 № 548-П/О буйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі « » 2024 жыл.

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Казбаны өту терендігі - 280 м, казбаның толық ұзындығы L=250 м. Колданылатын бұргылау кешені - Boomer E2, тиеп-тасымалдау машиналары Scooptram EST 3.5. Minetruck MT42 Battery. Таужыныстары массивінің сипаттамалары: бекемлік коэффициенті f=10-12, таужыныстарының көлемдік тығыздығы γ=2.8 т/м³, құрылымдық әлсіреу коэффициенті - 0.8, конус коэффициенті - 1.45. Штрек казбасы құрылышының басқа да кейбір деректері, құрылыс ауданының инженерлік-геологиялық және тау-кен-техникалық мәліметтері бойынша алынады.

Дипломдық жобада қарастырылатын және зерттелетін мәселелер тізімі:

а) Шалқия кенішінің тау-кен геологиялық және гидрогеологиялық шарттарының сипаттамасы;

ә) Шалқия кенішінің штрек казбасы өтудегі тау-кен казбасының массивінің орнықтылық көрсеткіштеріне, таужыныстары массивінің кернеулі-деформациялық шарттарын Құрылымдық нормалары және ережелері (СНиП) нормативтік әдістемелері бойынша сараптама жасау;

б) Штрек казбасын өтудің техникалық-технологиялық пешімдері. Штрек казбасын өту жұмыстарының параметрлерін жобалау;

в) Казбаны өтудің техникалық және экономикалық көрсеткіштерін есептеу.

г) Штрек казбасын өтудегі Енбек қауіпсіздігі және коршаған ортанды коргау шараларын қарастыру:




Сызбалық материалдарының тізімі: кепіштің геологиялық кималар мен ашу схемалары, казбаны өтудің технологиялық схемалары мен сызбалары, БАЖ-ның паспорты, бекітпе түрлері және конструкциялары (сызбалар Autocad бағдарламасында орындалып, А3 немесе А4 форматында шыгарылып, жобага қосылма түрінде тіркеледі.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 14 атаяу.


**Дипломдық жобаны дайындау  
KESTEСI**

Тараулардың аттары, зерттелетін мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге өткізу мерзімі	Ескерту
Шалқия кенішінің тау-кен геологиялық және гидрогеологиялық шарттарының сипаттамасы	12.03.2024	
Шалқия кенішінің штрек қазбасын өту жұмыстарын үйімдастыру, жабдықтарды таңдау және технологиялық шешімдердің негізделу шарттары	21.04.2024	
Шалқия кенішінің штрек қазбасын өтудегі техникалық-технологиялық шешімдері. Қазбаны өтудегі жұмыстарының параметрлерін анықтау	29.04.2024	
Штрек қазбасын өтудегі енбек қауіпсіздігі және қоршаған ортандық шарттары	14.05.2024	
Қазбаны өтудің техникалық және экономикалық қорсеткіштерін анықтау	20.05.2024	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобага қойған қолдары

Бөлім атаулары	Ғылыми жетекші, кеңесші	Мерзімі	Қолы
Геологиялық бөлімі	Бектур Б.Қ, аға оқытушы	12.03.2024	
Жобаның арнағы бөлімі	Бектур Б.Қ, аға оқытушы	21.04.2024	
Экономикалық бөлімі	Бектур Б.Қ, аға оқытушы	29.04.2024	
Енбекті қорғау бөлімі	Бектур Б.Қ, аға оқытушы	20.05.2024	
Норма бақылаушы	Мендекинова Д.С., жетекші маман	31.05.2024	

Ғылыми жетекші  
Білім алушы тапсырманы орындауга алды  
Күні

  
«27» қараша 2023ж

Бектур Б.Қ.  
Әбдікерім Е.Н.

## **АНДАТТА**

Дипломдық жобада Шалқия кенішінің шарттарында штрек жерасты тау-кен казбасын өту технологиясын жобалау мәселесі қарастырылып өтілген.

Жобада Шалқия кенішінің тау-кен геологиялық, гидрогеологиялық шарттарын, кеніш туралы жалпы ақпараттар бірінші бөлімінде қарастырылған. Екінші бөлімінде кеніштің тау-кен техникалық шарттарын, кеніштің ашылу сұлбасы қамтылған. Арнайы тау-кен бөлімінде Шалқия кенішінің жерасты тау-кен қазбаларының қазіргі өту жағдайлары, технологиялары, салынатын қазбаның көлденең қима өлшемдері, массивтің орнықтылық көрсеткішін анықтау бекітпе түрін таңдау және конструкцияларын есептеу, бұрғылау жару жұмыстарының параметрлерін есептеу, желдету жұмыстары, сутекпе жұмыстары, тиеп тасымалдау жұмыстары, өту жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қамтылған.

Осылайда жобада штрек қазбасын өту барысында қорғашан ортаны қорғау мәселелері мен еңбек қауіпсіздігі қарастырылды. Барлық өту жұмыстарына кететін технико-экономикалық көрсеткіштерді тиімді қыла отыра жасалынды.

## **АННОТАЦИЯ**

В дипломном проекте рассмотрена проектирование технологии проведения подземной горной выработки штрека на условиях рудника Шалкия.

В проекте рассмотрены горно-геологические, гидрогеологические условия рудника Шалкия, общие сведения о руднике в первом разделе. Вторая часть содержит горнотехнические условия рудника, схему вскрытия рудника. В специальном горном отделе освещены современные условия и технологии проходки подземных горных выработок рудника Шалкия, размеры поперечного сечения выработки, определение показателя устойчивости массива, выбор типа крепи и расчет конструкций, расчет параметров буровзрывных работ, вентиляционные работы, водоотливные работы, очистные работы, организация проходческих работ.

Кроме того, проектом были рассмотрены вопросы охраны окружающей среды и безопасности труда при проведении горных выработок. Разработаны с учетом технико-экономических показателей, которые идут на работы по проходке подземных горных выработок.

## **ABSTRACT**

In the diploma project considered the design of technology of underground workings of the drift on the conditions of the mine Shalkiya.

The project considers mining and geological, hydrogeological conditions of the mine Shalkiya, general information about the mine in the first section. The second part contains mining and technical conditions of the mine, mine stripping scheme. In a special mining section covered modern conditions and technologies for sinking underground mine workings Shalkiya mine, the size of the cross section of the workings, the definition of the stability of the massif, the choice of type of fasteners and calculation of structures, calculating the parameters of drilling and blasting, ventilation work, water removal work, cleaning work, the organization of sinking work.

Besides, the project considered the issues of environmental protection and labor safety during mining workings. Developed taking into account the technical and economic indicators that go to work on sinking underground mine workings.

## **МАЗМҰНЫ**

<b>KІРІСПЕ</b>	7
1 «Шалқия» кенішінің тау-кен геологиялық және гидрогеологиялық шарттарының сипаттамалары	8
1.1 Кеніштің туралы жалпы мәліметтер	8
1.2 Шалқия кенішінің геологиялық құрылымының ерекшеліктері	9
1.3 Шалқия кенішінің қысқаша гидрогеологиялық шарттары	10
2 Кеніштің тау-кен техникалық шарттары, ашылуы сұлбасы	12
3 Қазіргі таңдағы Шалқия кенішінің тау-кен өту жұмыстарының жағдайы	13
3.1 Штрек тау-кен қазбасын өту технологиясын жобалау	13
3.2 Штрек қазбасының ұтымды болатын көлденең қимасының өлшемдерін анықтау	13
3.3 Штрек қазбасы салынатын таужыныстары массивінің орнылық көрсеткіштерін анықтау және бекітпе түрін таңдау	15
3.4 Бекітпе құрылымдарын есептеу және бекітпені орнату технологиялары	17
3.5 Бұрғылау жару жұмыстарының параметрлерін есептеу	19
3.6 Штрек қазбасын желдету және желдету параметрлерін анықтау	24
3.7 Шалқия кенішіндегі сутекпе жұмыстары	26
3.8 Қопарылған таужыныстарын тиеп-тасымалдау жұмыстары	27
3.9 Штрек қазбасын өту жұмыстарын ұйымдастыру	29
4 Штрек қазбасын өту барысындағы еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері	33
5 Штрек қазбасын өтудің техникалық және экономикалық көрсеткіштері анықтау ҚОРЫТЫНДЫ	36
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	
А қосымшасы	
Ә қосымшасы	
Б қосымшасы	
В қосымшасы	
Г қосымшасы	
Д қосымшасы	

## КІРІСПЕ

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, еліміздің экономикасының дамуы мен жоғарғы нәтиже көрсетуі тікелей тау-кен металлургия саласында тәуелді. Сондықтан да кәзіргі таңда жерасты пайдалы қазбаларын барлау, бағалау және оны игеру жұмыстары ғылыми-практикалық түрғыда жүргізілуде.

Жерасты пайдалы қазбаларын игерудің технологияларын дамыту, жаңарту, оңтайландыру жұмыстарын қажет етеді, бұл өз негізінде ғылым мен практиканы ұштастыруға бағытталуы тиіс. Еліміздің кенорындары қазіргі таңда жерасты кен өндіру бағытында ауысу барысында, себебі пайдалы қазбалардың ашық әдіспен игеру техникалық-экономикалық тиімділігі азаюда. Жерасты кен өндіру барысында кен орының ашу, дайындық, кенді игеру яғни тазарту жұмыстарынан құралады.

Жерасты кен игеру жұмыстарында кен денесіне дейін жету мақсаттарында әртүрлі дайындық тау-кен қазбалары өту жұмыстарын жүргізіледі.

Дипломдық жобада Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалқия ауылында орналасқан «Шалқия» кенішінің шарттарында штрек жерасты тау-кен казбасын өту технологиясын жобалау жұмыстары жасалады.

Штрек дегеніміз кеннің созылымы бойымен немесе кен созылымына паралель бос таужыныстарының ішімен жүргізілетін, жер бетімен тікелей байланысы жоқ жазық жерасты қазбасы [1].

Шалқия кенішінің тау-кен геологиялық, гидрогеологиялық, тау-кен техникалық және т.б. ерекшеліктерін ескере отырып және салынатын қазба орналасқан тереңдігін ескеру, тау-кен қазбасы өтетін массивке әсер ететін жүктемелерді, массивтің орнытылық көрсеткіштерін зерттеп, ең тиімді болып саналатын бекітпе түрін таңдау.

Кеніштің тау-кен геологиялық, гидрогеологиялық, тау-кен техникалық және т.б. ерекшеліктерін ескере отырып қазба өту жұмысарының әдісін таңдау, яғни бұрғылау жару жұмыстарының тиімді параметрлерін анықтау.

Таужыныстарын біркелкі ұсақ күйінде қопарылуын қамтамасыз ету үшін жарылғыш зат материалдарының түрлерін саралау, атап айтқанда Штрек қазбасын өтуге тиімді болып саналатын жарылғаш зат таңдау. Жару жұмыстарынан соң желдету жұмыстарын қажет болатын ауа мөлшерін анықтау, яғни жергілікті желдеткіш түрін пайдалынып желдетеміз.

Қопарылған таужыныстарын тиеу жұмыстарын Eriroc фирмасының Scooptram EST 3.5 электр қуатын тұтынатын жүк тиегіші және таужыныстарын тасымалдауға Minetruck MT42 Battery батериялы машиналарын тиеп тасымалдау жұмыстарына қолдануда.

Шпурларды бұрғылау жұмыстарында Eriroc фирмасының Boomer E2 Battery аккумуляторлық қуат көзін тұтатын бұрғылау кешені қолданылды.

## **1 «Шалқия» кенішінің тау-кен геологиялық және гидрогеологиялық шарттарының сипаттамалары**

### **1.1 Кеніштің туралы жалпы мәліметтер**

Шалқия кеніші Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының, Шалқия ауылының аумағындағы Солтүстік-Батыс Қаратай бөктерінде орналасқан.

Аудан өте дамыған көлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген, бірақ көбінесе ауылшаруашылық өндіріс. Халық жақын елді мекендерде - кенттерде шоғырланған Жаңақорған, Шалқия, Бірлік және Томенарық.

«Шалқия» кеніші жалпы автомобиль жолымен автожолдар желісімен қосылған Қызылорда-Шымкент желілері. Кеніштің теміржолдары темір жолға шыға алады АҚ «ҚТЖ» магистралі. Жақын маңдағы Жаңақорған теміржол станциясы кеніштен оңтүстік-батысқа қарай 18 км жерде орналасқан [3].

Геоморфологиялық түрғыдан құрылыш ауданы орналасқан Солтүстік-Батыс Қаратай жотасының аккумулятивті-денудациялық тау бөктеріндегі жазығы оның көлбеу учаскесі.

Аумақтың солтүстік-шығыс бөлігіндегі кен орны ауданының рельефи таулы 400 м-ге дейінгі абсолютті белгілермен және 100 м-ге дейінгі салыстырмалы асып кетулермен- батыс бөлігі абсолютті жазығы бар әлсіз көтерілген жазық 250-300 м белгілерімен және 5-15 м салыстырмалы асып кетуімен.


Ауданың гидрографиясы Сырдария өзенімен және оның салаларымен ұсынылған. Ең көп олардың ішіндегі ең ірілері-Сарысу, Жиделі, Келте, Ақуюк. Жер үсті су бұлақтар суы аз.

«Шалқия» кенішінің орналасқан ауданың шолу картасы көрсетілген (1.1-сурет).

Шалқия кен орнын игеру жұмыстары 1982 жылы басталып, жүргізілді үзілістермен қоса алғанда. Кен өндіру жұмыстары әртүрлі инфарқұрылымдар салынды олар тік оқпан, жерасты жазық қазбалар, теміржол желісі және автожолдар, электр беру желісі, кернеуі 220 кВ қосалқы станция және түрғын кент [3].

Жалпы күрделілігі шахта 12 жыл бойы жұмыс істеді және 1994 жылы жабылды күрделі экономикалық кризиске байланысты, бірақ жұмыс 2004 жылы қайта жанданды және 2008 жылға дейін жалғасты, сол кезде тау-кен жұмыстары келісім бойынша тоқтатылды құзыретті органдармен бірге. Кен орны автокөліктік еңіс тасымалдау қазбасы және оқпандардың көмегімен ашу жұмыстары жасалған. Сонымен қатар, желдету оқпандары мен жерасты жазық тау-кен қазбалары мен жабдықталған.

Шахта жұмыс істеген кезеңдерде барлық өндірілген кендер кеніштен темір жол арқылы Кентау байыту кенішіне әкетілді, бұл кешен бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында, Шалқия кенішінен 165 км арақашықтықта орналасқан [3].



1.1-сурет – «Шалқия» кенішінің орналасқан ауданының шолу картасы

## 1.2 Шалқия кенішінің геологиялық құрылымының ерекшеліктері

Шалқия кенорны, Қарату жотасының оңтүстік батысында орналасқан және кенорыны қорғасын-мырыш кенорнына жатады.

Кен орнының геологиялық құрылымына Тұлкібаш формациясының құмтастары мен алевролиттері (орта-жоғарғы девон) және жоғарғы девонның фамен кезеңінің доломитті-кремнийлі түзілімдері жатады, олар сәйкесінше оларды қабаттап жатыр [3].

Кен орны карбонатты қабаттардағы қорғасын-мырыш шөгінділеріне тән тау жыныстары кешенінен тұрады. Карбонат түзілу участкесінің максималды қалындығы 1400 м-ге жетеді.

Кен орнындағы интрузивті таужыныстары ба, атап айтқанда керсантиттерге жақын Слюда лампрофирлерінің дайкалары ұсынылған. Олардың қалындығы 2-3 м-ден аспайды.

Шалқия кен орнының барлық өнеркәсіптік маңызы бар стратиформды қорғасын-мырыш минералдануы жоғарғы фаменнің ортағы бөлігінің бір кен мен шектелген. Негізінен әктас болып табылатын астыңғы және үстіңгі шөгінділерден айырмашылығы өнімді мүшеде доломит пен кварц кальциттен басым, ал темір, алюминий, қорғасын, мырыш және органикалық көміртек үнемі байқалатын мөлшерде болады. Кенді құрамдас бөлікке алты бөлімшे

кіреді (төменнен жоғары):

- қалыңдығы 10-30 м төменгі колчеданды кремнийлі ритмиттер;
- төменгі сұр доломиттер мен әктастардың қуаты 5-30 м;
- орташа ритмиттер өнімді, қуаты 5-20 м;
- ритмит-доломитті дақты брекчиялар мен доломиттер, қуаты 3-15 м;
- жоғарғы ритмиттер өнімді, қуаты 5-20 м;
- жоғарғы қара сұр және қара доломит, қуаты 5-30 м.

Кенді мүшениң маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын ритмиттер негізінен жұқа және микроқабатты сорттары бар доломиттерден тұрады. Тау жыныстарының түсі жеңіл дисперсті көміртекті, сондай-ақ сазды және кремнийлі материалдардың қоспасына байланысты ашықтан қою сұр және қараға дейін өзгереді. Доломиттердің құрылымы афанитті, пелитоморфтыдан микротүршікті және түйіршіктіге дейін өзгереді [3].

Кен орнының жалпы ұзындығы 5 км-ге дейін, ені 1150 м-ге дейін жетеді. Кен орнының 15-20° (оңтүстік-шығысқа) батыру бұрышы бар СБ – ОШ жалпы кеңеюі бар.

Солтүстік-батыс бөлігінде жер бетінен кен денелерінің пайда болу терендігі 40-50 м-ден 680 м – ге дейін, Оңтүстік-Шығыста-530 м-ден 860 м-ге дейін жетеді.

Кен орнында екі негізгі кен денесі бөлінген: жоғарғы және төменгі. Екі кенді денелер де линзалармен бірге қабаттасады.

Солтүстік-Батыс участкесінің кен денелерінің өлшемдері: ұзындығы бойынша солтүстік-батыс бағытта 2200-2400 м, ені бойынша - солтүстік-шығыс бағытта 1150 м дейін, тік қуаты орташа 12-13,5 м құрайды.

Оңтүстік-шығыс бөлігінде кен денелері 2060-3340 м, ені - 890 м дейін, кен денелерінің орташа қуаты 7,1-ден 10,2 м-ге дейін созылады.

Кен орындарының кендері қорғасын-кремнийлі карбонатты жыныстарда қорғасын-мырыштың өнеркәсіптік түрі болып табылады, мырыш қорғасынға қарағанда басым [3].

Қорғасынның мырышқа қатынасы 1: 2-ден 1: 20-ға дейін. Баланстық қорлардағы қорғасынның орташа мөлшері – 1,28 %, мырыш – 4,27 %.

Шалқия кен орнының кендері өте қарапайым минералды құрамымен сипатталады. Негізгі кен минералдары-сфалерит, Галена және пирит, екінші реттік минералдар – бозарған кен, арсенопирит. Тау жыныстарын құрайтын минералдар олар негізінен карбонаттармен (доломит, сирек кальцит) және кварцпен ұсынылған. Бағынышты мағынада Слюдә-сазды агрегаттар, дала шпаттары және көміртекті заттар бар [3].

Кен орнының кендердің орташа тығыздығы-2,82 т/м<sup>3</sup>.

Кендердің табиғи ылғалдылығы 0,01-ден 0,06% - ға дейін.

Кенді жыныстардың тығыздығы 2,54-тен 2,83 т/м<sup>3</sup> аралығында өзгереді, орташа-2,7 т/м<sup>3</sup> [3].

### **1.3 Шалқия кенішінің қысқаша гидрогеологиялық шарттары**

Ауданның гидрографиялық желісі Жаңақорған станциясының оңтүстік-

батысында, «Шалқия» кенішінен 20-25 км жерде ағып жатқан Сырдария өзені және т.б. бассейндер, өзендер мен бұлақтарынан тұрады. Кен орнының аумағы арқылы Келті өзені ағып, жазда кеүіп кетеді (арна Солтүстік-батыста кен орнынан 4 км қашықтықта). Аудандағы ең үлкені өзендер Жиделі, Ақуюк өзендері және Шалқиясай өзені болып табылады. Жиделі өзені екі ағынның (Домба және Жиланда) түйісуінен пайда болады [3].

Дренажды бассейннің ауданы-589 км<sup>2</sup>, ұзындығы-33 км. оның арнасы солтүстік-батысқа қарай кен орнынан 12 км қашықтықта орналасқан.

Ақуюк өзені «Шалқия» кен орны аймағындағы ең ірі су ағыны болып табылады (оның арнасы кен орнының оңтүстік-шығыс бөлігінен оңтүстікке қарай қашықтық 4,2 км). Су жинау бассейннің ауданы 312 км<sup>2</sup>, өзеннің ұзындығы-38 км. су тасқыны кезінде өзен деңгейі межейінен 1,5-2,0 м (0,1-0,3 м) дейін көтеріледі. Таулардағы қардың еруі сәуір айында аяқталады, сондықтан аудан өзендерінің жылдық ағынның 50-70% - ы көктемнің 2-2,5 айында өтеді [3].

Ауданың және Шалқия кен орнының жер үсті сулары тұщы, құрғақ қалдығы 0,3 г/дм<sup>3</sup> аспайды. Химиялық құрамы бойынша олар гидрокарбонатты кальций-магний, жұмсақ. Жалпы қаттылық мөлшері 2,9 ммоль/дм<sup>3</sup> аспайды.

Көктемде жер үсті өзен суларының минералдануы 0,2 г/дм<sup>3</sup> аспайды, аралық кезеңде ол 0,5 г/дм<sup>3</sup> дейін көтеріледі, химиялық түрі сульфат-бикарбонат және бикарбонат-сульфат. Ластаушы заттардың құрамы шаруашылық-ауыз су мақсатындағы су үшін шекті рұқсат етілген шогырланулар [3].

Шалқия кенішінің кен мен таужыныстарының бекемдік бойынш қасиеттері кесте 1.1 келтірілген.

Кесте 1.1 – «Шалқия» кенішіндегі кен мен таужыныстарының бекемдігі

Свиттер мен таужыныстары	12 баллдық шкала		Таужыныстарының 20 баллдық шкаласы	Проф. юПротодьяконов б-нша таужыныстарының беріктік шкаласы
	ВНИМИ	Минс. гео		
Үстінгі таужыныстары	9,07	9,20	XVII-XVIII	15
Жоғарғы кен денесі	12,00	10,50	XIX-XX	20
Аралық таужыныстары	11,31	10,60	XIX-XX	20
Тәменгі кен денесі	11,20	10,20	XIX	20
Тәменгі таужыныстары	7,92	9,00	XVII	12
Аргилиттер мен брекчиндер	4,36	6,00	VIII	6
Орташа кеніш б-ша	9,69	9,00	XVI-XVII	15

## **2 Кеніштің тау-кен техникалық шарттары, ашылуы сұлбасы**

1980 жылы "Гипроцветмет" институтының жобасы бойынша жылдық өнімділігі 3000 мың тонна кен өндіру бойынша Шалқия жерасты кенішінің құрылышы басталды. Кен орнын өнеркәсіптік игеру 1982 жылы басталды [3].

Қазіргі уақытта «Шалқия ЛТД» АҚ кәсіпорнының құрамына кіретін Шалқия кенішінің аумағында мынадай қолданыстағы объектілер орналасқан [3]:

- өндірістік: «Клетевой» оқпаны, «Скиповой» оқпаны, АТВ сағасы, желдету шурфы, «беру» оқпаны, «қиыршық тас» оқпаны, ТКВ, № 1 лифтылық өрлеме, № 1 желдеткіш өрлеме, № 3 өрлеме, «Разведочның» оқпаны, № 4 желдеткіш өрлемесі, базистік және шығыс ЖМ қоймалары, бос жыныс үйіндісі, шахта суларын жинақтаушы тоған, шахта суларын тазарту станциясының алаңы;

- қосалқы мақсаттағы және жөндеу-қойма шаруашылығы объектілері: орталық қойма, 50 автокөлікке арналған профилакториясы бар гараж, ЖЖМ қоймасы, 375 м<sup>3</sup> ЖЖМ қоймасы, сыйымдылығы 600 м<sup>3</sup> жеңіл мұнай өнімдері қоймасы, ыдыста сақталатын майлар, бояулар мен химиялық заттар қоймасы, баспалдақ краны бар ашық орман қоймасы, цехтар блогы, ремстройзек, құрылыш базасы;

- энергиямен қамтамасыз ету объектілері: БПП 220/10/6 кВ, КС 35/6 кВ;  
- кәріз объектілері: шаруашылық-тұрмыстық кәріз тазарту құрылыштарының алаңы, тұрмыстық кәріз жинақтаушы тоған;  
- әкімшілік-қызметтік мақсаттағы объектілер: өрт депосы, екі АБК, БӨП.

Tau-кен жұмыстары жоспарында мынадай аландар қарастырылады: «Выдачной» оқпаны, «Гравийный» оқпаны, «Вентиляционный» оқпаны, конвейерлік еңіс порталының алаңы, «Главный» оқпанының аумағы.

«Выдачной» оқпан кешені, «Гравийный» оқпан кешені, ТКВ бір-біріне жақын орналасқан. «Клетевой» магистральға қатысты олар солтүстік-шығысқа қарай тұзу бойымен 850 м қашықтықта орналасқан.

«Выдачной» оқпан кешенінің құрамына мыналар кіреді:

- қолданыстағы нысандар: шахта үстіндегі ғимараты бар копер; ұсақтау кешені;
- конвейер галереясы; жөнелту бункері; № 1 көтергіш машина ғимараты; № 2 көтергіш машина ғимараты; компрессорлық; екі кабельдік эстакада; кен қоймасы;
- жобаланатын объектілер: калориферлік ғимарат; блок-модульдік өртке қарсы материалдар қоймасы; электротехникалық блок-модульдік ғимарат (БМЗ);

шахта суларының кәріз сорғы станциясы (КСС).

«Гравийный» оқпан кешенінің құрамына қолданыстағы шахтадан жоғары ғимарат және ВМК-20 калориферлі және блокты-модульді газ қазандығының жобаланған ғимараты кіреді [3].

Шалқия кенішінің ашылуы сұлбасы А қосымшасында келтірілген.

### **3 Қазіргі таңдағы Шалқия кенішінің тау-кен өту жұмыстарының жағдайы**

#### **3.1 Штрек тау-кен қазбасын өту технологиясын жобалау**

Тау-кен дайындау және тілме қазбаларына блокты автокөлік съездері, бүйірлік жеддеткіш өрлемелер, жеддеткіш штректер, жеткізу штректер мен орттар, бұрғылау штректер мен орттар, жеткізу және тиеу заездері, кен түсіру, бұрғылау және тілме өрлемелері кіреді [3].

Тау-кен дайындау қазбаларының қималары жабдықтың габариттері мен қазбалардың қабыргалары арасындағы қажетті саңылаулары бар және қажетті мөлшердің өткізілуін ескере отырып, өздігінен жүретін жабдықтардың олар бойынша жүріп-тұру жағдайынан байланысы қабылданды [3].

Қазбаларды бекіту түрі мен бекіту тәсілдері нақты тау-кен геологиялық жағдайларға, қазбалардың қызмет өту мерзіміне және мақсатына байланысты анықталады. Көлбеу және тік қазбалардың бір-бірімен және жазық қазбалармен түйісуі тау жыныстарының беріктігіне қарамастан бекітілуі тиіс; жазық қазбалардың түйісуі тұрақсыз және орташа болған кезде бекітілуі тиіс.

Жазық, тік және көлбеу қазбаларын өтуде Boomer E2 маркалы бұрғылау кешені, Scooptram EST 3.5, Scooptram EST 3.5 үлгісіндегі тиеу-жеткізу машиналары қазбаны өту барысында қолданылды.

Бұрғылау және бекіту үшін штангалық типті шпурлар Boomer E2 маркалы бұрғылау кешені, Spraymec типті қазбаларды торкреттеуге арналған машиналар көмегімен жұмыстар жүзеге асырылады.

Жазық, көлбеу қазбалар өздігінен жүретін және тасымалданатын жабдықтардың көмегімен бұрғылау-жару тәсілімен өтеді.

Тау-кен жұмыстарының күнтізбелік кестесі 2023 жылы қолданыстағы горизонттар плюс 163 м және плюс 100 м тазарту жұмыстары басталуын ескере отырып әзірленді [3].


#### **3.2 Штрек қазбасының ұтымды болатын көлденең қимасының өлшемдерін анықтау**

Жерасты тау-кен қазбаларының көлденең қимасының өлшемедері қазба өтетін массивке түсетін тау қысымының мөлшеріне, оның әсер өту аймағына, бекітпе түрі мен конструкциясына, қазбаның атқару қызметіне, қазба өтуде қолданылатын жабдықтарға тікелей байланысты болады. Шалқия кенішінде жазық қазбаларда келесідей көлденең қима типтерін қолданылады: тік бұрышты, трапеция, тік-бұрышты күмбезді [1-4].

Әсіресе жазық тау-кен қазбаларын өтуде көбіне тік-бұрышты күмбезді пішінің таңдайды. Бұл пішінді анкерлік бекітпелер көмегімен бекітпе қолданылады, яғни, қазба өтетін массивтегі таужыныстардың қысымы төбе түстен әсер етеді және бүйірлік қысым болмайды [1-2].

Штрек қазбасын өту жұмыстары кезінде Scooptram EST 3.5 электр қуатын

тұтынатын жүк тиегіші машинасының пайдалана отырып қазбаның көлденең қимасының өлшемдерін анықтадым. Тиеуші машинасының келесідей техникалақ өлшемдері: биіктігі 2118 мм, ені 1905 мм, ұзындығы 8849 мм. Тиеу машинасының ең минималды деген көлденең қима өлшемдері 3.1 суретте келтірілген.



3.1 – сурет - Scooptram EST 3.5 нормативтік минималды көлденең қима өлшемдері

Штрек қазбасы бойымен еңбекшілердін емін еркін жүріп қамтамасыз үшін 1100 мм жаяу жүргінші жолы қарастырылды. Қазбаның табан жағынанда 300 мм қалындықта балласт болады, қазбаның жаяу жүргінші жолына қарама қарсы бетінен 500 мм саңылау болады.

Штрек қазбасының таза енін келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$B = a + b + d = 1100 + 500 + 1956 = 3556 \text{ mm}, (3.1)$$

мұнда  $d$  – тасымалдау машинасының ені,  $\text{мм}$ ;

$a=1100 \text{ mm}$  және  $b=500 \text{ mm}$ .

Қазбаның бүрікпебетон қалындығын ескергендеңі ені :

$$B_1 = B + 2 \cdot \delta = 3556 + 2 \cdot 50 = 3656 \text{ mm}, (3.2)$$

мұндағы  $\delta$  – торкретбетонның нақты қалындығы,  $\text{мм}$

Штрек қазбасының төбе-күмбезінің биіктігі ( $f \geq 12$  болғанда) келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$h_0 = \frac{B_1}{4} = \frac{3656}{4} = 914 \text{ mm}, (3.3)$$

Штрек қазбасының центрлік өсі бойынша биіктігі:

$$H_c = h + l + d_m = 2120 + 600 + 800 = 3520 \text{ mm} (3.4)$$

мұнда  $d_m$  – желдету құбырының диаметрі , мм;

$h$  – тасымалдау машинасының техникалық биіктігі, мм;

Қазбаның балласынан тік қабырға шегіне дейінгі биіктігі:

$$h_1 = H_c - h_0 = 3520 - 914 = 2606 \text{ мм} \quad (3.5)$$

Табаннан тік қабырға шегіне дейінгі аралық:

$$h_2 = h_1 + h_n = 2606 + 300 = 2906 \text{ мм.} \quad (3.6)$$

Штрек қазбасының көлденең қимасының таза ауданы:

$$S = B_1 \cdot (h_1 + 0.175 \cdot B) = 3,65 \cdot (2,6 + 0,175 \cdot 3,65) = 11,8 \text{ м}^2 \quad (3.7)$$

Штрек қазбасының өтудегі қимасының ауданы:

$$S_k = B_1 \cdot (h_2 + 0,26 \cdot B_1) = 3,65 \cdot (2,9 + 0,26 \cdot 3,65) = 14 \text{ м}^2. \quad (3.8)$$

Штрек қазбасын өту кезінде болуы мүмкін артық қопарылым жұмыстарын ескерсек:

$$S_{\mathcal{H}} = 1,05 \cdot S_k = 1,05 \cdot 14 = 14,7 \text{ м}^2. \quad (3.9)$$

Қазбаның осьтік және бүйірлік доғаларының радиустары:

$$R = 0,692 \cdot B_1 = 0,692 \cdot 3656 = 2551,8 \text{ мм} \quad (3.10)$$

$$r = 0,262 \cdot B_1 = 0,262 \cdot 3656 = 957,8 \text{ мм} \quad (3.11)$$

Жазық қазбаның таза биіктігі:

$$H_0 = h_2 + h_0 = 2906 + 914 = 3820 \text{ мм.} \quad (3.12)$$

Барлық көлденең қимасының өлшемдерін есептеу жұмысының нәтижелерін, түрлі түсті металлдар кеніштерінің қазбаларына арналған типтік қима құжаты сәйкестігі тексерілді. Барлық шарттарды ескергенде штрек қазбасының өтудегі қима ауданың  $14,7 \text{ м}^2$  деп қабылданап аламыз.

### 3.3 Штрек қазбасы салынатын таужыныстары массивінің орнықтылық көрсеткіштерін анықтау

Шалқия кенішінде тау-кен қазбалар үшін таужыныстарының орнықтылық критериясын анықтауда және бекітпе түрін негіздеуде ҚнЖЕ II-94-80 техникалық нормативтік құжаты негізге ала асырылады [1-7].

Штрек қазбасының орнықтылық көрсеткіштерін келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$P_y^I = \frac{10 \cdot \gamma \cdot H}{\sigma_{cyc} \cdot \xi} = \frac{10 \cdot 2800 \cdot 380}{120 \cdot 10^6 \cdot 0,8} = 0,1 \quad (3.13)$$

Таужыныстарының сыйылуға және созылуға беріктік шектерін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$\begin{aligned} \sigma_{cyc} &= 10 \cdot f = 10 \cdot 12 = 12 \cdot 10^7 \text{ MPa.} \\ \sigma_p &= 0,1 \cdot \sigma_{cyc} = 0,1 \cdot 12 \cdot 10^7 = 1,2 \cdot 10^7 \text{ MPa.} \end{aligned} \quad (3.14)$$

Штрек қазбасының сілемінің сыйылуға және созылуға беріктік шектерін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$\begin{aligned} R_{cyc} &= \sigma_{cyc} \cdot K_c \cdot \xi = 12 \cdot 10^7 \cdot 0,9 \cdot 0,8 = 8,64 \cdot 10^7 \text{ Pa.} \\ R_p &= \sigma_p \cdot K_c \cdot \xi = 1,2 \cdot 10^7 \cdot 0,9 \cdot 0,8 = 8,64 \cdot 10^6 \text{ Pa.} \end{aligned} \quad (3.15)$$

Штрек қазбасындағы таужыныстарының ішкі үйкеліс бұрышын келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$tg\varphi = \frac{R_{cyc} - R_p}{R_{cyc} + R_p} = \frac{8,64 \cdot 10^7 - 8,64 \cdot 10^6}{8,64 \cdot 10^7 + 8,64 \cdot 10^6} = 0,81 \quad (3.16)$$

Штрек қазбасының күмбез және бүйір аймақтарында кернеулерді анықтау үшін, негізінен кернеулердің келесідей шоғырлану коэффициенттерін қабылдаймыз:  $K_1 = 2$ ;  $K_2 = 0,4$ :

$$\begin{aligned} \sigma_{max} &= K_1 \cdot \gamma \cdot H \cdot g = 2 \cdot 2800 \cdot 380 \cdot 10 = 21 \text{ MPa.} \\ \sigma_{min} &= K_2 \cdot \lambda_1 \cdot \gamma \cdot H \cdot g = 0,4 \cdot 0,5 \cdot 2800 \cdot 380 \cdot 10 = 2,1 \text{ MPa.} \end{aligned} \quad (3.17)$$

Штрек қазбасының массивінің төбедегі мен бүйірлеріндегі мықтылық шектерін коэффициенттерін келесідей формула бойынша анықтаймыз:


$$n_6 = \frac{R_{cyc}}{\sigma_{max}} = \frac{86}{21} = 4,0. \quad (3.18)$$

$$n_k = \frac{R_p}{\sigma_{min}} = \frac{8,64}{2,1} = 4,1.$$

### 3.4 Бекітпе құрылымдарын есептеу және бекітпені орнату технологиялары

Шалқия кеңішінің тау-кен геологиялық, тау-кен техникалық шарттары бойынша негізінен жазық қазбаларды бекіту кезінде құранды бекітпе оған тор және бүрікпебетон орната отырып бекіту жұмыстарын жасауда [3].

Шалқия кеңішінде шарттарында таңдалған қарнақ бекітпесінің келесідей техникалық көрсеткіштерін қабылдаймыз: қарнақ цилиндер тәріздес болаттан жасалынған, оның өзегінің диаметрі  $d_c=40$  мм; созылуға беріктігі  $R_c=210$  МПа; бетонның маркасы M 400, қарнақты шпурға бекітуге SS-46 жақартылған бекітпе қолданылады және оны қарнақпен байланысуы  $\tau_1 = 11$  МПа; есепті ұзындығы  $l_3=0,4$  м; шпурдың техникалық диаметрі  $d_w=0,045$  мм; бетонның бос таужыныстарымен ілінісуі  $\tau_2=1$  МПа; шпурлардың ылғалдылық жағдайын ескеруінде коэффициент  $m_1 = 0,75$ . Анкердің құрылымы суретте көлтірілген (3.2-сурет).



3.2- сурет – Split set 46 анкерінің сұлбасы

Қарнақтың мүмкін болатын жүккөтерілімдігінің үзілуге қарсы мықтылығы мен шпур қабырғасы бойынан жылжыуын ескеретін шарттарына сәйкес анықталады.

$$R_c = \pi \cdot R_c^2 \cdot R_p \cdot m = 3,14 \cdot (0,01)^2 \cdot 210 \cdot 10^6 \cdot 0,75 = 4,9 \cdot 10^4 \text{ H.} \quad (3.11)$$

$$P_3 = \pi \cdot d_c \cdot \tau_1 \cdot l_3 \cdot K_1 \cdot m_1 = 3,14 \cdot 0,04 \cdot 11 \cdot 10^6 \cdot 0,4 \cdot 0,5 \cdot 0,75 = \\ 20,7 \cdot 10^4 \text{ H.} \quad (3.12)$$

$$P_3 = \pi \cdot d_w \cdot \tau_2 \cdot l_3 \cdot K_1 \cdot m_1 = 3,14 \cdot 0,045 \cdot 1 \cdot 10^6 \cdot 0,4 \cdot 0,75 = \\ 4,2 \cdot 10^4 \text{ H.} \quad (3.13)$$

Қарнақтың минималды (аз) мүмкін жүккөтерілімділік көрсеткішін салыстырамыз:

$$P_a = P_3^1 = 4,9 \cdot 10^4 \text{ H.} \quad (3.14)$$

SS-46 қарнағының ұзындығын келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$l_a = l_e + l_3 + l_n = 1,25 + 0,4 + 0,05 = 1,7 \text{ м.} \quad (3.15)$$

Штрек қазбасының күмбезінде SS 46 қарнағының орналасу тығыздығын келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$S = \frac{q_2^1 \cdot n_n}{P_a} = \frac{35 \cdot 10^3 \cdot 1,2}{4,9 \cdot 10^4} = 1 \frac{\text{дана}}{\text{м}^2}. \quad (3.16)$$

Қазбадағы анкер торының арақашықтығы:

$$a_1 = \sqrt{\frac{1}{S}} = \sqrt{\frac{1}{1,15}} = 0,9 \text{ м.} \quad (3.17)$$

SS 46 қарнағының штрек қазбасының төбесіндегі орналасу торы 1 x 1 м формасында орнатылады.

Қазбаның төбе бөлігінде бекітілетін қарнақтың мөлшерін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$n_1 = \frac{2 \cdot a \cdot q_2^1 \cdot a_1 \cdot n_n}{P_a} = \frac{2 \cdot 2 \cdot 35 \cdot 10^3 \cdot 0,9 \cdot 1,2}{4,9 \cdot 10^4} = 3 \text{ дана.} \quad (3.18)$$

Қазба бүйір қабырғасын бекітуге SS 46 қарнақтың санын келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$n_2 = q_n \cdot a_2 \cdot \frac{n_n}{P_a} = 20 \cdot 10^3 \cdot \frac{1,2}{4,9 \cdot 10^4} = 0,5 \frac{\text{дана}}{\text{м}^2}, \text{ яғни } \approx 1 \frac{\text{дана}}{\text{м}^2} \quad (3.19)$$

Осы нәтижелерге сүйене отырып келесідей параметрлерді қабылдаймыз, қазбаның бүйірі мен төбесіне бекітуге кететін қарнақтың саны 4 дана. Қарнақтың есепті ұзындығы 1,7 м құрады.

Штрек қазбасының күмбезді бөлігін бекітетін бүрікпебетон қалындығы келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$\delta_k = 0,35 \sqrt{\frac{q_n \cdot n_n}{m_6 \cdot [\sigma_p]}}, \text{ м.} \quad (3.20)$$

Ал, қазбаның бүйір бөліктеріне бекітуге жұмсалатын бүрікпебетон қалындығын қосымшалық еселеуіш ( $n_k > 1$ ) ескергенде келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$\delta_k = 0,35 \sqrt{\frac{q_n \cdot n_n}{m_6 \cdot [\sigma_p] \cdot n_k}}, \text{ м;} \quad (3.21)$$

мұнда  $q_n$  – Штрек қазбасына жоғарыдан түсетін нормативтің қысым мөлшері, яғни бұл тау қысымы ұқсас анықталады,  $n_k \leq 1$ ;  $n_b \leq 1$  болғанда:

$$q_n = \sigma_k \cdot \gamma, \text{ кПа}; \quad (3.22)$$

$$q_n = 3,5 \cdot 2800 = 9800 \approx 98 \text{ кПа}.$$

Бүрікпебетон қалыңдығы келесі формуламен анықталады:

$$\delta_k = 0,35 \sqrt{\frac{q_n \cdot n_n}{m_b \cdot |\sigma_p| \cdot n_k}} = 0,35 \sqrt{\frac{115 \cdot 10^3 \cdot 1,2}{0,85 \cdot 1,2 \cdot 10^6 \cdot 1,2}} = 0,05 \text{ м.}$$

Штрек қазбасының барлық контуры бойымен бірдей етіп кем дегенде 5 см болатында етіп бекіту қажет. Осы аталған жұмыстарға кәсіпорын тарарапынан Spraytec MF 050 VC маркалы бүрікпебетон шашатын машинасын қабылданды [3].

### 3.5 Бұргылау жару жұмыстарының параметрлерін есептеу

Қатты пайдалы қазбаларды игеруде әлемде көптеген кәсіпорындар бұргылау жару жұмыстарының көмегіне жүгінеді. Өйткені, кенді немесе тау-кен массасын дұрыс әрі біркелкі тиімді қолпаруда БЖЖ үлесі орасан зор.

Бұргылау жару жұмыстарын жарылғыш зат көмегімен белгілі бір көлемді қажетті деңгейге дейін бұзуға негізделген. Тау-кен қазбаларын өту жұмыстары аясында қазбаның мейлінше толық контурын дұрыс бұзып алуға, біркелкі жаруна негізінен жарылғаш түріне байланысты.

Жарылғыш заттар - сыртқы күш әсерінің ықпалымен өте тез химиялық өзгеріске түсіп, жылу бөлініп, катты қызған газдардың түзілуінен күшті сокқы пайда болатын химиялық құрамалар мен қоспалар [5,6,8,9].

Біз өтетін штрек қазбасының таужыныстарының орташа бекемдігі  $f \leq 12$  болғандықтан профессор Протодъяновтың берген сараптамалық жұмыстарына қарай отырып, қазба өтуде бризантты және оқталу тығыздығы 1000-1100 кг/м<sup>3</sup> кем болмайтын, детанациялық жылдамдығы 4 км/сек аз болатын жарылғыш зат түрлерін қолдану туралы ұсыныс береді [8].

Шалқия кеніші келесідей категорияға жатады: газға және шаңға қауіпті емес түріне жатады, осы себепті сақтандырғыш емес жарылғыш заттарды қолданған тиімді болып саналады. Яғни, атап өткенде скальді аммонит, детанит М, Гранулит Аб, аммонит бжв, аммонал сияқты жарылғыш заттар жақсы көрсеткіштерге ие.

Кеніштің тау-кен техникалық, гидрогеологиялық, геологиялық және т.б. шарттарын ескере отырып, жарылғыш затты қоздыруда электрсіз қоздыру

технологиялары қолданылады. Атап айтқанда бұрғылау жару жұмыстарына Гранулит А6 негізгі болып, ал Аммонит БЖВ патрон-боевик және Синв немесе Exel-ip технологиялық жүйелерін қабылдап алдық [3,8].

Бұрғылау жару жұмыстарына келесідей талаптар қойылады:

- Жарылыс нәтижесінде қазба барлық контур қопарылып, не артық не кем болмауы керек;
- Қопарылған таужыныстары мейлінше біркелкі шығуы керек;
- Барлық жұмыстарында тиісінше толық механикаландыру;
- Шпурларды пайдалану коэффициентін жоғарлату және т.б. талаптар қойылады [1,2,5,6,8].

Бұрғылау жару жұмыстары шпурлық оқтам әдісімен жасалынады, яғни қазба забойына З түрлі шпурлар орналысады: ұңгіме, қопарушы, және жиектеуші. Тиісінше әрқайсысы әртүрлі қызмет атқарады. Мысалы, ұңгіме шпур бұл қазбаның ең бекем деген тұсына терең ете бұрғылай отыра жасалады, оның қызметі сол контурды мейлінше жақсырақ қопару. Ал қопарушы шпур бұл ұңгіме шпурдан кейінгі сериялық жариялатын шпур, яғни массивті жаруға көмектесетін шпур. Келесі шпур ол жиектеуші бұл қазбаның көлденең қимасының өлшемдерін барынша жобаға сәйкес етіп жаруға көмектесетін шпур болып саналады [2,5,8].

Ұңгіме шпурлардың орналсу типі негізіне жару жұмыстарының сапасына тікелей әсер тигізетін болғандықтан, массивті зерттей отыра тік-призмалық етіп орналастыру түрін таңдадым.

Бұрғылау жару жұмыстарының параметрлерін есептеудер келесідей негізгі көрсеткіштер:

- қазба өтетін массивтегі таужыныстарының бекемдігі  $f \geq 12$ ;
- қазбаның өтудегі ауданы –  $14,7 \text{ м}^2$
- қазбаның тік қабырғасының биіктігі –  $2,6 \text{ м}$
- қазбаның ені мен биіктігі сәйкесінше:  $B_1 = 3,65 \text{ м}$ ,  $h = 3,82 \text{ м}$ .

Қопарылатын жалпы тау-кен массасының мөлшерін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$V = S_{\text{ж}} \cdot L_{\text{ш}}, \text{м}^3, \quad (3.23)$$

мұнда  $S_{\text{ж}}$  – штректің өтудегі таза ауданы,  $\text{м}^2$ ;

$L_{\text{ш}}$  – шпурдың есепті тереңдігі, м.

Шалқия кенішін негізгі шарттарын ескеру арқыл, шпур тереңдігін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$l_{\text{ш}} = \frac{V \cdot T_{\text{ц}}}{t_{\text{ж}} \cdot n_{\text{ж}} \cdot \eta} = \frac{190 \cdot 8}{24 \cdot 30 \cdot 0,9} = 2,4 \text{ м}, \quad (3.24)$$

мұнда  $V$  – штректі өту өнімділігі, м/ай;

$T_{\text{ц}}$  – жұмыс циклының мөлшері, сағ;

$t_{\text{ж}}$  – тәуліктегі жұмыс уақытының мөлшері, сағ;

$n_{\text{ж}} - 1$  айдың ішіндегі таза жұмыс күні, күн;  
 $\eta$  - шпурларды пайдалану коэффициенті (КИШ).

Осы есептеуге сүйене отырып, қоларылатын тау-кен массасының мөлшерін анықтаймыз:

$$V = S_{\kappa} \cdot L_{ui} = 14,7 \cdot 2,4 = 35,28 \text{ м}^3.$$

Штрек қазбасын өту жұмыстарын қажет ететін жарылғыш зат мөлшерін келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$Q_p = q \cdot V, \text{ кг}, \quad (3.24)$$

мұнда  $q$  – жарылғыш заттың меншікті шығыны,  $\text{кг}/\text{м}^3$ ;

$$Q_p = 1,8 \cdot 35,28 = 63,5 \text{ кг}.$$

Жерасты тау-кен қазбаларын өту жұмысында шпур санын анықтауда келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$N = 2,7 \cdot K_{\text{жар}} \sqrt{f \cdot S_{\kappa}}, \quad (3.25)$$

мұндағы  $K_{\text{жар}}$  – жарықшақтарды ескеретін коэффициент (массив бұзылмаған болса  $K_{\text{жар}}=1$ ; жарықшақтар көлемі төмен болса  $K_{\text{жар}}=0,9$ ; орташа болса  $K_{\text{жар}}=0,75$ ; өте үлкен көлемді болса  $K_{\text{жар}}=0,55$ ; опырылымдар мен сипатталса ( $K_{\text{жар}}=0,4-0,51$ ).

Сонда шпурлар саны:

$$N = 2,7 \cdot K_{\text{жар}} \sqrt{f \cdot S_{\kappa}} = 2,7 \cdot 0,9 \sqrt{12 \cdot 14,7} = 33 \text{ дана.}$$

Шпурда орналасатын жарылғыш зат оқтамының ұзындығының мөлшерін келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$l_{\text{зап}} = a \cdot l, \text{ м}; \quad (3.26)$$

мұндағы  $a$  - шпурдың толтыру коэффициенті,  $a=0,65$ .

$$l_{\text{зап}} = 0,65 \cdot 2,4 = 1,56, \text{ м};$$

Орындалған жұмыстарға сәйкес шпурлар саны 33 дана болатыны анықталды және қазба өтетін массивтегі таужыныстары бекемдігі жоғары болғандықтан, бұрғылау жару жұмыстарының нәтижелерін жақсартуда қосымша 3 шпурды бірге қабылданып алынды.

Шпурларды қазба забойына келесідей мөлшерде орналастыру керек болып табылады:

- үнгіме шпурлары – 5 дана;
- қопару шпурлары – 12 дана;
- жиектеуші шпурлары – 20 дана.

Бұрғыланатын жалпы шпурлар саны – 38 шпур;

Оқталатын шпурлардың көлемі – 37 шпур.

Жазық тау-кен қазбаларын өту жұмыстарында келесідей үнгімелердің түрлерін қолданады және олардың тиісінше параметрлері келтірілген [3,8].

Жалпы бұрғыланатын шпурлардың көлемі:

$$L = n_e \cdot l_e + (N - n_e) \cdot l_m, \quad (3.27)$$

мұнда  $n_e$  – үнгіме шпурларының есепті саны, дана;

$l_e$  – үнгіме шпурларының есепті терендігі  $l_e = 2,6 \text{ м}$ ;

$l_m$  – жиектеуші және қопару шпурларының есепту терендігі, м;

$N$  – шпурлардың есепті мөлшері, дана.

$$L = 4 \cdot 2,4 + (38 - 4) \cdot 2,2 = 82,2 \text{ м}.$$

Жарылыс жұмыстарының сапасына тікелей бағалайтын көрсеткіш, забойдың алға жылжу мөлшері келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$l_{жыл} = \eta \cdot l_w = 0,9 \cdot 2,4 = 2,16 \text{ м}. \quad (3.28)$$

Бұрғылау жару жұмыстарының басым көпшілік еңбек күші мен уақыты шпурларды бұрғылау жұмыстарына кетеді, атап айтқанда 40 % ға жуық жұмыс күші осы кезеңде орындалады. Осы жұмыстарды барынша механикаландыруда бұрғылау кешені тиісінше көмек береді [2,8].

Бұрғылау кешені ретінде Epiroc фирмасының Boomer E2 аккумуляторлық қуат көзін тұтатын бұрғылау кешені қолданылады. Осы бұрғылау кешеніне байланысты төмендегідей есептеу жүргізіледі және бұрғылау кешенің суреті келтірілді (3.3 сурет).



3.3 – сурет - Boomer E2 маркалы бұрғылау кешені

Жерасты тау-кен қазбаларын өтуде пайдаланылатын бұрғылау кешені таужыныстарының  $f=12-14$  болатын жағдайда перфоратордың өнімділігін келесі формула көмегімен анықталады:

$$Q_{kn} = \frac{n \cdot K_q \cdot K_n \cdot K_c \cdot K_b}{0,15 + \alpha f} = \frac{1 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 0,9 \cdot 1}{0,15 + 0,03 \cdot 14} = 1,6 \text{ м/мин}, \quad (3.29)$$

мұнда  $K_q$  - шпур диаметрін ескеруші коэффициент ( $\varnothing 32-36$  мм -  $K_q=1,0$ ,  $\varnothing 45$  мм -  $K_q=0,7$ );

$K_n$  - бұрғыбас күшін қолдану коэффициенті (пневматикалы бұрғыбастарда  $K_n=1,1$ ; басқа шарттарда  $K_n=1,0$ );

$\alpha$  - жылдамдықтың өзгеруі байланысты коэффициенті ( $f=5 \div 10$ ,  $a=0,02$ ;  $f=10 \div 16$ ,  $a=0,03$ );

Бұрғылау жұмысының өнімділігі пайдаланылатын бұрғыбас типіне және қазба массивіне тікелей байланысты:

$$Q_6 = 60 \frac{n \cdot K_b \cdot K_c \cdot V_m}{1 + V_m \sum t} = \frac{2 \cdot 0,9 \cdot 0,8 \cdot 1,5}{1 + 1,5 \cdot 1,1} = 0,8 \text{ м/мин}, \quad (3.30)$$

мұндағы  $n$  - бұрғылау кешеніндегі перфораторлардың мөлшері, 2 дана;

$K_b$  - перфоратордың уақыт коэффициенті,  $K_b=0,9-1,0$ ;

$K_c$  - машинаның сенімділік коэффициенті,  $K_c=0,8-0,9$ ;

$V_m$  - қондырғының есепті жылдамдығы, м/сек;

$\sum t$  - қосымша жұмыстарды ескеретін уақыт,  $\sum t=1,0 \div 1,4$  мин.

Бұрғылау жұмыстарының ұзақтығын келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$t_6 = \frac{l_w \cdot n_w}{Q_6} + t_{\partial.k.w} = \frac{2,5 \cdot 32}{1} + 0,5 = 80,5 \text{ мин}, \quad (3.31)$$

мұндағы  $t_{\partial.k.w}$  - бұрғылаумен қатар жасалынатын жұмыстар көлемі,  $0,5 \div 0,7$  сағ.

Дипломдық жобада берілген Еріос фирмасының Boomer E2 аккумуляторлық қуат көзін тұтатын бұрғылау кешені, кәсіпорын тарыптымен қоса тау-кен жұмыстарын толық қанағаттандырыды.

### 3.6 Штрек қазбасын жедету және жедету параметрлерін анықтау

Бұрғылау жару жұмыстарының нәтижесінде қазба забойында көптеген улы заттар пайда болады олар: газдар, шаңдар және т.б. қауіпті факторлар. Осы жұмыстардың салдарын жоюда, еңбек қауіпсіздігі шарттары бойынша жарылыстан кейін кем дегенде 30 мин қазба забойын жедету керек болып табылады [1,2,5,8].

Тұйық қазбаларды желдету жұмыстарында келесідей жергілікті желдеткіштер қолданылады: ВМП-6,7,8 және т.б.

Жерастында ауаның құрамын атмосфералық аудан келесідей айырмашылығы бар: әртүрлі оттегі мөлшері, улы газдар болуы, азот мен су булары шахта ауасында мұлдем өзгеше құрамда болады.

Қазба забойының желдетудің келесідей түрлері бар: үрлеме, сору, құрама деген сияқты. Бұлар негізінен қазба забойынан бөлінетін улы заттар мен шаңдар мөлшеріне байланысты таңдалады [1,2,3,4,5,6,8].

Тұйық қазбаларды желдетуде Шалқия кенішінің шарттарында үрлеме желдету технология тиімді болып саналады [3].

Үрлеп желдету технологиясын қолданғандағы қажетті ауаның көлемін келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$Q_h = \frac{2,25 \cdot S}{60 \cdot t} \cdot \sqrt[3]{\frac{K \cdot Q_g \cdot v \cdot L^2}{S \cdot P^2}}, \frac{m^3}{c}, \quad (3.31)$$

мұндағы  $S$  – штрек қазбасының өтудегі ауданы,  $m^2$ ;

$t$  – қазбаны желдетудің есепті уақыты,  $s$ ;

$K$  – қазбаның ылғалдылығын ескерілетін коэффициенті,  $K=0,3$ ;

$Q_g$  – жарылғыш зат жалпы көлемі,  $kg$ ;

$v$  – жарылғыш заттың газдылық мөлшері,  $v = 50 \text{ л / кг}$ ;

$L$  – қазбаның берілген ұзындық мөлшері,  $m$ ;

$P$  – ауаның жоғалымының ескеретін коэффициенті,  $P=1,35$ .

$$Q_h = \frac{2,25 \cdot 14,7}{60 \cdot 30} \cdot \sqrt[3]{\frac{0,3 \cdot 104 \cdot 50 \cdot 250^2}{14,7 \cdot 1,35^2}} = 2,8 \frac{m^3}{c}.$$

Ең минималды қазбамен жүретін ауа жылдамыдығын келесі формуламен анықтаймыз:

$$V = \frac{Q_h}{S} = \frac{2,8}{14,7} = 0,19 > 0,25 \text{ м/c} \quad (3.32)$$

Нормативтік құжаттарға сүйене отырып бір адам тұтынатын ауа мөлшері –  $6 \text{ м}^3/\text{мин.}$

$$Q_a = 6 \cdot n, \text{ м}^3/\text{мин}, \quad (3.33)$$

мұндағы  $n$  – забойда бір уақытта мүмкін максималды жұмысшылар саны, 6 адам;

$$Q_a = 6 \cdot 6 = 36 \text{ м}^3/\text{мин.}$$

Желдеткіштің өнімділігін келесі формула арқылы анықталады:

$$Q_a = p \cdot Q_h, = 1,35 \cdot 3,9 = 5,26 \text{ м}^3/\text{мин}, \quad (3.34)$$

Ең үлкен қажетті ауа мөлшерінің мәнің қолдана отырып, үрлеме әдісімен желдететін желдеткіш өнімділігін келесі формула көмегімен анықталады:

$$Q_e \geq P \cdot Q_{ck} = 1,35 \cdot 8,4 = 11,34 \approx 12 \text{ м}^3/\text{с} \quad (3.35)$$

Ауа жүретін қолшаның депрессиясы арқылы  $H_e$  және статикалық қысымнан  $H_c$ , қысымның жергілікті жоғалымынан  $H_h$  және динамикалық қысымнан  $H_d$  құралады:

$$H_e = H_c + H_h + H_d, \text{ Па} \quad (3.36)$$

$$H_c = P \cdot R \cdot Q_p^2, \text{ Па} \quad (3.37)$$

мұндағы  $R$  – желдету қолшасының аэродинамикалық кедергісі, Па,

$$R = 10 \cdot 6,5 \cdot a \cdot \frac{L}{d_m^5} = 10 \cdot 6,5 \cdot 0,25 \cdot \frac{250}{0,8^5} = 124 H \cdot \frac{c^2}{m^4}, \quad (3.38)$$

мұндағы  $r$  - 1 м желдету құбырының аэродинамикалық кедергісі, Па;  
 $\alpha$  - құбырдың аэродинамикалық кедергісі бойынша коэффициент.

Алдын ала ауа құбыр бойымен жылдамдығын анықтауға болады:

$$V = \frac{Q_h}{\pi \cdot r_t^2} = \frac{3,9}{3,14 \cdot 0,3^2} = 13,8 \text{ м/с} \quad (3.39)$$

$$H_c = 1,35 \cdot 124 \cdot 4,18^2 = 2925 \text{ Па}$$

$$H_h = 0,2 \cdot H_c = 0,2 \cdot 2925 = 1462,5 \text{ Па} \quad (3.40)$$

$$H_d = \frac{V_r^2 \cdot p_b}{2} = \frac{13,8^2 \cdot 1,32}{2} = 123 \text{ Па} \quad (3.41)$$

$$H_e = 2925 + 1462,5 + 123 = 4510,5 \text{ Па}$$

Жоғарыда жасалынған есептеулер нәтижесінде желдету жұмыстарына ВМЭ-8 яғни жергілікті желдеткішін қабылдап аламыз, бұл оңай орнатылатын және жеңіл материалдан жасалынған желдеткіш қолшасымен бірге болады және оның техникалық сипаттамалары 3.1-кестеде келтіріп өтілген.

Кесте 3.1 – ВМЭ-8 ортабілікті желдеткіштің техникалық сипаттамалары

Көрсеткіштер	Мәні
Өнімділігі, м <sup>3</sup> /сек	10

Жалпы қысым, Па	3200
Қозғалтқышының қуаты, кВТ	50
Негізгі өлшемдері, мм	100
Ұзындығы	1370
ені	990
білктігі	1100
диаметрі	800
массасы, кг	750

ВМЭ-8 желдеткішінің құрылымының суреті 3.4 суретте келтіріп өтілген.



3.4-сурет - ВМЭ-8 желдеткішінің құрылымы

### 3.7 Шалқия кеңішіндегі сутекпе жұмыстары

«Шалқия» кен орнын игеру төрт кезекте жүргізіледі, жобада көкжиекте минус 80 м, минус 200 м, минус 380 м, минус 500 м төрт бас сорғы станциясының құрылышы және горизонтта минус 620 м участелік сорғы станциясының құрылышы көзделеді [3].

Минус 80 м көкжиектегі негізгі сорғы станциясы жақын жерде орналасқан

№ 1 Механикаландырылған өрлеме және кен орнын игерудің бірінші кезегіндегі суды соруға арналған. Су төгетін құбырлар № 1 Механикаландырылған өрлемеге одан әрі Горизонт бойынша плюс 40 м төгіледі [3].

Магистраль бетіне. Сорғы станциясы әрқайсысының өнімділігі 180 м<sup>3</sup>/сағ, басы 383 м болатын 180-383 ЦНСК жеті сорғы агрегаттарымен жабдықталады.

Минус 200 м горизонттағы негізгі сорғы станциясы № 2 механикаландырылған өрлеменің жаңында орналасқан және кен орнын игерудің екінші кезегіндегі суды соруға арналған. Сорғы станциясы әрқайсысының өнімділігі 180 м<sup>3</sup>/сағ, 212 м қысымы бар 180-212 ЦНСК жеті сорғы агрегаттарымен жабдықталады.

Горизонттағы негізгі сорғы станциясы минус 500 м. "Южный" оқпанының жаңында орналасқан және кен орнын өңдеудің үшінші және

төртінші кезеңіндегі суды жер бетіне шығаруға арналған. Сорғы станциясы әрқайсысының өнімділігі  $320 \text{ м}^3/\text{сағ}$ , қысымы 1170 м болатын төрт PSU 150-370x7 сорғы қондырыларымен жабдықталған.

Горизонттағы участекілік сорғы станциясы минус 620 М. механикаландырылған № 3 көтерілісшінің жаңында орналасқан және минус 620 М горизонттан суды соруға арналған. горизонттың негізгі сорғы станциясының су жинағыштарына минус 500 м. сорғы еki ЦНСК 180-212 сорғы агрегаттарымен жабдықталған, өнімділігі  $180 \text{ м}^3/\text{сағ}$ , әрқайсысы, қысымы 212 м [3].

### 3.8 Қопарылған таужыныстарын тиеп-тасымалдау жұмыстары

Бұғылау жару жұмыстарының нәтижесінде қопарылған таужыныстарын тиеп-тасымалдау жұмыстары жүргізілді. Осы қопарылған таужыныстарын тиеп-тасымалдауда қажет техникалардың әртүрлі түрі бар, олар: пневматикалық жүріспен жүретін машина, скрепер, шығыр және т.б. қолданады [1,2,5,6]

Шалқия кеңішінде кәзіргі таужыныстары тиеп-тасымалдауда, заттарды тасымалдауда және т.б. жұмыстарда өздігінен жүретін тиеу, тасымалдау машиналары қолданылды [3].

Компания Epiroc фирмасының машиналарын қолданады: тиеу жұмыстарына электрлі қуат көздерін тұтынатын Scooptram EST 3.5 машинасы, ал тасымалдауга Minetruck MT42 Battery батериялы машиналарын тиеп тасымалдау жұмыстарына қолдануда (3.5-сурет).



3.5– сурет - Тиеу және тасымалдау машиналарын сұлбасы

Қазіргі ғаламдық проблема болып саналатын жаңар жағармай қолданатын қозғалтқышы бар машиналарды саның азайту, осы себепті кәзіргі таңда электрлі, батериялы қуат көзін тұтынатын жабдықтарын кеңінен қолданыс табуда.

Бұл жабдықтар атап айтқанда, жерасты жұмыстары кезінде барлық кері факторларды зияның азайтуға болатындығы көрсетуде.

Қопарылған таужыныстарын тиеп тасымалдау машинасының жұмыс

өнімділігін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$Q_{\text{өз.м}} = \frac{(T_{\text{ауыс}} - t_{\text{ж}} - t_{\text{ж}}) \cdot V_{\text{ш}} \cdot \varphi_{\text{ш}}}{(t_{\text{тиеу}} + t_{\text{жұп}} + t_{\text{б}}) \cdot K_{\kappa}}, \text{ м}^3 / \text{сағ} \quad (3.42)$$

$$Q_{\text{өз.м}} = \frac{(8 - 0,5 - 0,2) \cdot 6 \cdot 0,85}{1,6} = 23,26 \text{ м}^3 / \text{сағ}$$

мұндағы  $T_{\text{ауыс}}$  – ауысымдағы есепті жұмыс уақыты, мин;  
 $t_{\text{ж}}$  – жалпы дайындау жұмыстарының мөлшері ( $t_{\text{ж}} \approx 40$  мин);  
 $t_{\text{ж}}$  – еңбекшінің демалуға кететін уақыт мөлшері, мин;  
 $t_{\text{тиеу}}$  – тиеу машинасының шөмішінің толуы мен оның тасымалдау машинасына толтыру кететін уақыт мөлшері, мин;  
 $t_{\text{жұп}}$  – машинаның қозғалысына кететін уақыт мөлшері, мин;  
 $t_{\text{б}}$  – тиеуші машинаның шөміші мен тасымалдау машинасының кузовтағы таужыныстарын төтүге кететін уақыт мөлшері, мин;  
 $K_{\kappa}$  – таужыныстарын қосылуы коэффицентті ( $K_{\kappa} k = 1,6$ );

Scooptram est3. 5 электр тиегіші сенімді дүние жүзіндегі шахталарда өзін дәлелдеген 6000 кг жерасты жүк тиегіш, мысалы, шахтаның желдетілмеуі немесе қоршаған ортанды жоғары температурасы дизельді қондырығыларды пайдалануды орынсыз етеді.

Minetruck MT42 battery-бұл ең үлкен жерасты жұмыстарындағы самосвал нарықта аккумуляторымен жабдықталған. Бұл беткейлерде әсерлі жылдам, бұл тиеу-тұсіру жылдамдығын арттырады және жалпы өнімділікті арттырады. Нәтижесінде жерасты тау-кен жұмыстары мен құрылыш кезінде бұрын-соңды болмаған нөлдік шығарындылар деңгейіне қол жеткізілді.

Қопарылған таужыныстарының тиеп тасымалдау жұмыстарының қолданылатын машиналардың техникалық сипаттамалары 3.2. кестеде келтірілген.

Кесте 3.2 – Қопарылған таужыныстарын тиеп тасымалдау машиналарының техникалық сипаттамалары

Көрсеткіштер	Мәні	
	Scooptram EST3.5	Minetruck MT42 battery
Ұсынылатын қазбаның минимальды өлшемдері(ені мен биіктігі), м	3,5 x 3,0	3,5 x ,0
Жүккөтерімділігі, кг	6000	42000
Шөмішінің сыйымдылығы, м <sup>3</sup>	3,4	-
Қозғалтқыштың түрі	ABB үш фазалы 50 немесе 60 Гц	Cummins Diesel Engine QSX15,
Қозғалтқыштың қуаты, ат күші	100	520
Негізгі өлшемдері, мм		
ұзындығы	8849	10945

ені	1905	3050
білктігі	2118	2585
массасы, кг	18000	18000

### 3.9 Қазбаны өту жұмыстарын ұйымдастыру параметрлерін есептеу

Тау-кен қазбаларын өту жұмыстарын сапалы орындалуы бұл ұйымдастыру жұмыстарының параметрлері, техникалық экономикалық көрсеткіштер және т.б. шарттарға байланысты [10].

Ұйымдастыру жұмыстары жасауда негізіне тау-кен кәсіпорынының тау-кен техникалық, тау-кен геологиялық және т.б. факторларға байланысты болады. Өту жұмыстары кезінде керекті жұмыскерлер тиімді мөлшерін пайдалану, әртүрлі разрядтарға байланысты керек жұмысшыларды іріктеу және жұмысқа жұмылдыру, қазба өтушілерді санитарлық-гигиеналық және еңбек қауіпсіздігін және біліктілігін арттыру курсарды оқыту арқылы жұмыс өнімділігін арттыруға тікелей әсер етеді. Қазбаны жүргізу жұмыстарын сапасы жоғарғы деңгейде ұйымдастыруда техникалық экономикалық көрсеткіштерін жақсартудың ең басты факторлар болып табылады [10].

Көлбеу қазбаны жүргізу жұмыстарының жоғарғы деңгейде орындалу үшін:

- жұмыстарды циклдық кесте бойынша толық орындау;
- машиналарды үздіксіз және тұрақты жұмыс істеуі үшін, оларды уақытылы жөндеп тұруы қажет;
- қазба жүргізуі жұмысшыларды, әрқашанда жұмысшылар теориялық және практикалық білімін аттыруы қажет. Қазба жүргізуі жұмысшылардың бірнеше саланың білгені дұрыс;
- қазба жүргізуге керекті материалдық-техникалық және энергетикалық ресурстармен үздіксіз қамтылуы керек [10].

Қазба жүргізу жұмыстарының өнімділігі негізінен, тау-кен геологиялық, техникалық және гидрогеологиялық шарттарға, таужыныстарының физикомеханикалық қасиеттеріне, тау-кен кәсіпорынның жылдық өнімдігіне байланысты [10].

Штрек қазбасын өтудегі бұрғылау жару жұмыстарының құрамына кіретін келесідей операциялар бар: дайындық, тазарту, бекіту, бұрғылау, шпурларды оқтау, арттыру, жару жұмыстары, желдету және т.б, қосымша жұмыстардан құралады [10].

Штрек қазбасын өту жұмысының ұзақтығын келесі формула арқылы анықтауға болады:

$$T_u = t_{kj} + t_{je} + t_{bek} + t_{byp} + t_k + t_{ok} + t_{jel}, cas, \quad (3.43)$$

мұндағы  $t_{kj}$  – кенжарды қауіпсіз болатын шарттарға кететін уақыт мөлшері,

$$t = (0,2 \div 0,5) cas;$$

$t_{je}$  – қопарылған таужыныстарын жинауға кететін уақыт мөлшері, с;

$$l_u - \text{әр циклдағы забойдың алға жылжу мөлшері, м;}$$

$t_{бек}$  – қазба контурын бекітуге кететін уақыты, сағ;

$K_c$  – қатар орындауға мүмкіндік беретін жұмыстарды ескеретін коэффициент мөлшері (жұмыстар қатар орындалғанда кезде  $K = 0$ );

$t_{бұрғ}$  – бұрғылауға кететін уақыт мөлшері, сағ;

$t_k$  - көмекші жұмыстарға жұмсалатын уақыт мөлшері

( $t_k = 0,5 \div 1,0$  сағ);

$t_{ок}$  - шпурларды зарядтарды оқтауға жұмсалатын уақыт мөлшері, сағ;

$t_{жел}$  – нормативтік желдегу уақыт мөлшері, ( $t_{жел} = 0,25 \div 0,5$  сағ)

Бұрғылау жұмыстарын мөлшерін келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$t_{бұрғ} = \frac{N \cdot H_{бұрғ}}{10 \cdot \varphi \cdot n_{б..м}}, \text{сағ}, \quad (3.44)$$

мұндағы  $H_{бұрғ}$  – бұрғылау жұмыстарының нормативтік уақыт мөлшері, адам/сағат;

$\varphi$  – бұрғылаудың мүмкін болатын ауытқуын ескеретін коэффициенті, 0,63

$N$  – бұрғыланатын шпурлардың жалпы саны.

$$t_{бұрғ} = \frac{36 \cdot 1,1}{10 \cdot 0,63 \cdot 2} = 3,1 \text{ с.}$$

Жарылғыш затты оқтауға кететін уақыт мөлшерін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$t_{ок} = \frac{t_{ок} \cdot N}{n_{ок}}, \text{сағ} \quad (3.45)$$

мұндағы  $t_{ок}$  - бір шпурды оқтауға кететін нормативтік уақыт мөлшері,

с ( $t_{ок} = 0,04$  сағ - оқтағанда);

$N$  – шпурлар саны;

$n_{ок}$  – оқтаушылар саны.

$$t_{ок} = \frac{0,04 \cdot 36}{2} = 0,72 \text{ с.}$$

Тиеп тасымалдау жұмыстарының есепті мөлшерін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$t_{ж} = S_{ж} \cdot H_{ж}, \text{с}, \quad (3.46)$$

мұндағы  $S_{ж}$  – штрек қазбасының ауданы,  $\text{м}^2$ ;

$H_{ж}$  – тиеп тасымалдау машиналарын есепті уақыт мөлшері, ( $0,2 \div 0,3$  сағ);

$$t_{ж} = 14 \cdot 0,2 = 2,8 \text{ с.}$$

Штрек қазбасының қауіпсіз шарттарға келтіруге кететін уақыт мөлшерін келесідей қабылдап аламыз:  $t_{ж} = 0,5$  сағат, 30 мин.

Tay-кен қазбаларын бекітуде қолданылатын анкер бекітпесінің бекітуге кететін орташа мөлшері 10-13 мин құрайды [1,2], яғни біз таңдап алынған анкер бекітпесін бекітуге кететін уақыт мөлшерін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$t_{анкер\ бек} = 10 \cdot 5 = 50 \text{ мин} = 0,83 \text{ сағ.}$$

Штрек қазбасын бекітуде нормативтік құжаттарға сүйене отырып, бүрікпебетон бекітпесінің бекітуге кететін уақыт мөлшерін келесі формула көмегімен анықталады:

$$t_{бек} = \frac{S \cdot \delta \cdot K_{ж}}{Q} \cdot (t_{коэф}) = \frac{14,7 \cdot 0,05 \cdot 1,1}{2} \cdot 1,3 = 0,5 \text{ сағ.} \quad (3.47)$$

Мұнда S-бекітілетін қазбаның нақтылы ауданы,  $\text{м}^2$ ;

$$S = P_1 \cdot L = 14 \cdot 2,16 = 29,4 \text{ м}^2.$$

$P_1$ -қазбаның бекілтелетін периметрінің мөлшері, 14,7 м

$L$  – қазбаның бір циклда алға жылжу мөлшері,  $L=2,16$  м;

$\delta$  – бекітпенің есепті қалындығының мөлшері,  $\delta=0,5$  м;

$K_{ж}$  – бүрікпебетон бекітпесінің болуы мүмкін жоғалымының ескеретін коэффиценті,  $K_{ж}=1,1$ ;

( $t_{коэф}$ ) – дайындық жұмыстарының кететін уақыт мөлшері,  $t_{коэф} = 1,3$

Қосымша жұмыстарды орындауға кететін уақыт (жолды тегістеу; су құбырын ұзарту; желдету құбырын ілу т.с.с. жұмыстар)  $t_{ком} = 0,5$  сағ=30 мин.

Бүрікпе бетонның есепті мөлшерін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$V_{бек} = (S_{вч} \cdot L) - (S_{св} \cdot L), \text{ м}^3 \quad (3.48)$$

Мұнда  $L$  – қазбаның жобадағы ұзындығы, м.

$$V_{бек} = (14,7 \cdot 250) - (11,8 \cdot 250) = 550 \text{ м}^3$$

Осы шыққан мәнге байланысты 250 м қазбаны өтуде 550 м<sup>3</sup> бүрікбетон бекітпесі кетеді, 1 м қазбаны бектуге

Қазба бектіүде 400 м қазба жүргізуға 320 м<sup>3</sup> бүрікпебетон кетсе, сонда 1 м қазбаны бекітуге  $550/400 = 1,37$  м<sup>3</sup> бүрікпебетон қоспа мөлшері кетеді.

Жоғарыда анықталған барлық уақыттар мөлшерін келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$T_u = 0,5 + 2,8 + 1,33 + 3,1 + 0,5 + 0,73 + 0,5 \approx 9,46 \text{ сағ}$$

Штрек қазбасын өту жұмыстарына кететін уақыт мөлшері келесідей  $T_u = 9,46$  сағатты құрады. Бірақ, кейбір операциялар бірге орындалуы мүмкін болғандықтан, яғни бекіту мен бұргылау жұмыстары  $T_u = 9,46 - 1,33 = 8,13 \approx 8$  сағатты мөлшерін құрады.

Штрек қазбасы жалпы толық салуға кететін уақыт мөлшерін келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$T_{\text{қаз. салу. мерзім}} = \frac{L}{l_{\text{ж}}} \cdot 3 = \frac{250}{2,16 \cdot 3} = 39 \text{ тәулік.}$$

Шалқия кенішінің тау-кен техникалық шарттарын ескеріп және еңбек демалыстарын ескере отыра жалпы есепті уақыт мөлшері:

$$T_{\text{қаз. салу. мерзім}} = 39 + 31 = 70 \text{ тәулік}$$

## **4 Штрек қазбасын өту барысындағы еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері**

Шалқия жерасты кенішін пайдалану кезінде оның барлық элементтеріне әсер ететін биосфераға әсері тән: су және ауа бассейндері, топырақ, өсімдіктер мен жануарлар әлемі. Осы жобада тау-кен кесіпорнының қоршаған ортаға мәжбүрлі қолайсыз әсерін азайту жөніндегі іс-шаралар көзделген [3,11,12,13].

Ауа және су бассейндеріне, топыраққа әсерін бағалау кезінде жобада 10 жылға (2021 жылдан 2030 жылға дейін) шығарындылар, төгінділер, қалдықтардың түзілу нормативтері белгіленген [3].

Топырақтың ластануын сақтау және болдырмау мақсатында мынадай іс-шаралар көзделеді:

- аршылған және сыйатын жыныстардың үйінділерінің, жыныстың уақытша үйіндісінің ("басты" оқпан кешені) негіздеріндегі сұзгіге қарсы экрандардың құрылғысы;

- №1, № 2, № 3 автопоездар мен аландардағы автомобиль съездерінде;

- кешендер аландарында жер үсті суларын буландырғыш арықтарға бұруды ұйымдастыру;

- №1, № 2, № 3 автомобиль съездерінің жүріс бөлігінен рельефке шығара отырып, су бұру кюветтеріне жер үсті суларын бұруды ұйымдастыру су өткізгіштер;

- қоқысты механикаландырылған жинау, жазда сумен суару және қыста автожолдардың, кіреберістердің, автожолдар мен аландардың жүру бөлігін қардан тазарту [3].

Кен орнының тау-кен қазбаларын желдету үшін жобамен «Желдегу» оқпанының жанындағы ВО-35 негізгі желдеткіш қондырғысын пайдалана отырып, желдетудің орталық схемасы мен сору тәсілі қабылданды.

Жерасты кенішінде тау жыныстары мен кендерде атмосфераға көздер шығаратын негізгі зиянды заттармен жарылыш жұмыстарын орындау кезінде 0050, 0051, 0053, 0054, 0057, 0058, 0059, олар: азот диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, құрамында  $\text{SiO}_2$  70-20% бар бейорганикалық шаң, қорғасын және оның Бейорганикалық қосылыштары (қорғасынға қайта есептегендеге), мырыш сульфиді (мырышқа қайта есептегендеге) [3].

Жерасты кенішіндегі негізгі жұмыс режимі кезінде (көздер 0050, 0051, 0053, 0057, 0058, 0059) жұмыстың келесі түрлері жүзеге асырылады:

- дәнекерлеу жұмыстары;
- жерасты техникасы мен автокөлігінің жұмысы;
- бұрғылау және тиеу-түсіру жұмыстары;
- жерасты көлігіне жанаармай құю (отын-тарату бағанасы).

Негізгі жұмыс режимінде көздер 0050, 0051, 0053, 0057, 0058, 0059 атмосфера құрамында  $\text{SiO}_2$  70-20 %, диоксиді бар бейорганикалық шаң шығарады азот, азот оксиді, күйе, көміртегі оксиді, құқірт диоксиді, бензин(а)пирен, шекті C12-C19 көмірсутектері, темір оксиді, марганец және

оның қосылыстары, газ тәрізді фторидтер, фторидтер Бейорганикалық нашар еритін, керосин, күкіртсүтек [3].

Кен орнын игеру кезінде атмосфераның зиянды заттармен ластануының негізгі көздері:

- «1 Желдеткіш өрлеме» шурфы (Шығыс. 0050);
- «6 Желдеткіш өрлеме» шурфы (Шығыс. 0051);
- «Вентиляционный» оқпаны (Шығыс. 0053);
- «Выдачной» оқпаны (Шығыс. 0057);
- конвейердің көлбеуі (Шығыс. 0058);
- конвейердің көлбеуі (Шығыс. 6041);
- автокөлік көлбеуі (Шығыс. 0059);
- автокөлік көлбеуі (Шығыс. 6030);
- бос жыныстардың үйіндісі (Шығыс. 6031);
- тау жыныстарын тасымалдау (Шығыс. 6033);
- айналмалы жыныстардың үйіндісі (Шығыс. 6034);
- «Кұбыр-кабель» (Шығыс. 6040);
- «Южный» өту оқпаны (Шығыс. 0054);
- «Южный» оқпаны (Шығыс. 6045).

Бос жыныстарды жинау бос жыныстардың үйіндісіне (Шығыс. 6031), кені маңы жыныстарының үйіндісіндегі кені маңы жыныстарының (Шығыс. 6034).

Тау жыныстарын өндірудің барлық жұмыстары құрамында 70-20% кремний диоксиді бар Бейорганикалық шаңның бөлінуімен бірге жүреді [3,11].

2028-2029 жылдары "Южный" оқпаның қазу жүзеге асырылатын болады. Оқпанды қазу кезінде (Шығыс. 0054) жарылыс және дәнекерлеу жұмыстары жүргізіледі [3].

Жарылыс жұмыстарын орындау кезінде атмосфераға ластаушы заттар шығарылады: азот диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, құрамында  $\text{SiO}_2$  70-20% бар бейорганикалық шаң. Негізгі зиянды дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде атмосфераға шығарылатын заттар: азот диоксиді, көміртегі оксиді, темір оксиді, марганец және оның қосылыстары, газ тәрізді фторидтер, Бейорганикалық фторидтер нашар еритін, құрамында  $\text{SiO}_2$  70-20% бар бейорганикалық шаң [3].

Атмосфераға барлығы 16 зиянды зат шығарылады, оның 8-і қатты және 8-і газ тәрізді.

«Шалқия» кен орнында жерасты тау-кен қазбаларының құрылышы, сондай-ақ тазарту қазбаларының ұнғымалары көптеген жағдайларда карбонатты жыныстардың жергілікті Сулы аймақтарында және сапасыз тығындалған немесе тығындалмаған барлау ұнғымаларының оқпандарында қазбалар ашатын жер асты суларының жеткіліксіз төмендетілген қысымы кезінде орын алады деп болжанады. Сондықтан «Шалқия» кен орнында жерасты тау-кен қазбаларын қазу кезінде жер асты суларының жарылу қаупі әрқашан болады [3].

Жұмыс беруші тау - кен қазбаларын ұнғілеу жөніндегі жұмыстарды (бұдан әрі - ұнғілеу жұмыстары) және жерасты қазбаларында жұмыс

орындарын орналастыруға байланысты басқа да жұмыстарды (бұдан әрі-жерасты жұмыстары) орындау кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіптер мен олардың көздерін талдауға міндетті.

Белгіленген қауіптерден туындаған кәсіптік тәуекелдер болған кездे ұғымда жұмыстарының қауіпсіздігі құрылыш өндірісіне арналған жобалау және үйимдастыру-технологиялық құжаттамада қамтылған еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды орындау негізінде қамтамасыз етілуге тиіс [3,11]:

-жұмыс участкесінің геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларын ескере отырып, тау жыныстарын игеру тәртібін, сондай-ақ қазбаны уақытша және тұрақты бекітуді айқындау;

-жынысты әзірлеу және тиесу, жынысты және материалдарды (конструкцияларды) тасымалдау, тұрақты бекітпе құрылышын салу үшін механикаландыру құралдарын таңдау;

-жерасты қазбаларын желдету схемалары мен жобалары;

-суды айдау схемалары мен жобалары;

-авариялардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралар;

-жерасты және жер үсті коммуникацияларының, ғимараттар мен құрылыштардың тұтастығы мен сақталуын қамтамасыз ету [11].

## 5 Штрек қазбасын өтудің техникалық және экономикалық көрсеткіштері анықтау

Жұмыстарды үйымдастыру Тау-кен жұмыстарын жүргізудің техникалық экономикалық көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етеді [10,14].

Өту циклінің ұзақтығы негізгі процестердің бірі басталғаннан бастап циклге кіретін барлық процестер орындалғаннан кейін қайта басталғанға дейін анықталады.

Өту жұмыстарын үйымдастыруды есептеудің келесі кезектілігі ұсынылады:

-кенжардың жұмыс режимін және қазбаны қазу жылдамдығын көрсетіңіз;

-ұнғыма циклінің құрамы мен жұмыс көлемін анықтаңыз;

-орындалған жұмыстардың ұзақтығын есептеу; бригаданың сандық және біліктілік құрамы; жұмыстардың орындалу реттілігін және өткізгіштерді жұмыс орындарына орналастыруды белгілеу;

-ұнғыма циклінің жұмысын үйымдастыру кестесін құру.

-Күнделікті режимнің әртүрлі нұсқалары бар үздіксіз жұмыс режимі (бес немесе алты күндік жұмыс аптасы) ұтымды болып саналады.

Уақыт нормасы-Жұмыс бірлігін орындауға жұмсалатын жұмыс уақытының мөлшері.

Өндіріс нормасы-уақыт бірлігінде орындалатын жұмыс мөлшері.

Жұмыс істеп тұрған тау-кен кәсіпорындарында тау-кен қазбаларын қазу құны участекілік шығындар бойынша белгіленеді. Бұл жағдайда участекінің жұмысына байланысты шығындарға ескеріледі. Көлік, желдету және т. б. шығындары шахтаішілік көлік, желдету, су ағызы және т. б. [10,14]

Участек бойынша қазбаларды қазу құны жалақыдан, материалдардың құнынан, энергиядан және амортизациялық аударымдардан тұрады. Қазбаларды қазуға арналған участекілік шығындарды есептеу курстық жобаның орындалған техникалық бөлігі негізінде жүргізіледі [3,10,14].

Жалақы бойынша 1 м өтудің құны келесі мәліметтер негізінде есептеледі: циклдегі жұмыс көлемі, жекелеген жұмыс түрлеріне арналған өндіріс нормалары, аудандық коэффициенттерді ескере отырып тарифтік ставкалар және циклдегі кенжардың қабылданған подігі.

Жұмыстың жекелеген түрлеріне бағалар үнгілеушілердің тарифтік ставкалары және олардың нормалау анықтамалықтарында келтірілген арақатынасы бойынша белгіленеді [14].

Шалқия кенішінің барлық шарттарын ескере отырып, бір жылы ішіндегі таза жұмыс күнің келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$T_{\text{ж}} = T_{\kappa} + T_{\text{меи}} + T_{\text{дем}}, \text{күн}, \quad (5.1)$$

мұнда  $T_{\kappa}$  – жылдағы жалпы күндер мөлшері;

$T_{\text{меи}}$  – мейрам күндерінің мөлшері;

$T_{\text{дем}}$  – демалыстарды есепке алатын күндер мөлшері;

$$T_{\text{ж}} = 365 - 13 - 32 = 320 \text{ күн}.$$

Барлық демалыс уақыттарын қоса алғанда, тиімді болатын жұмыс күндерінің мөлшері:

$$T_{\text{ж1}} = (T_{\text{ж}} \cdot K) \cdot K, \text{күн}, \quad (5.2)$$

мұндағы  $T_0$  – демалыс мерзімі күн бойынша; 40;

$K=0,96$  – жұмысшылардың жұмыс орнына келмеуін, ауырып қалған, техникалық шарттардың бұзылуға байланысты демалыс күндерін ескеретін коэффициент.

$$T_{\text{ж1}} = (320 - 40) \cdot 0,96 = 270 \text{ күн}.$$

Қазба өту жұмыстарының экономикалық көрсеткіштерін есептеу жұмыстарына келесідей параметрлер көмегімен жүзеге асады. Олар забоймандық жұмыстар құны ( $C_p$ ), еңбек ақылары ( $C_s$ ), материалдарға кететін шығын ( $C_m$ ), энергиялық шығынынан ( $C_e$ ), техникаларды жөндеуге кететін аммортизациялық құндардан ( $C_a$ ) құралады [14].

$$C_n = C_s + C_m + C_e + C_a, \text{мән} \quad (5.3)$$

Атальп өткен барлық шығындарды 1 м қазбаны өту жұмыстарына кететін шығындардың мөлшерін анықтаймыз және нәтижелерін кесте қалыптында келтіріліп өткен (5.1, 5.2, 5.3, 5.4 - кестелер).

Кесте 5.1 – Еңбекшілерге төленетін барлық қаражаттар

Квалификациясы	Разряд	Тариф тг/аудисым	Бір уақытта жұмыс істейтіндер саны	Циклдық шығыны	Бір айға кететін шығын
Ұнғылаушы	5	6000	2	12000	720000
Мастер	4	7000	1	7000	420000
Оқтаушы	4	5000	1	5000	300000
Жарушы	4	5000	1	5000	300000
Жұргізуші	3	5000	2	10000	600000
Жол жөндеуші	2	4000	1	4000	240000
Жұмысшы	2	3000	2	6000	600000
Электрик	3	4000	1	4000	240000
Жөндеуші	4	5000	1	5000	300000
Насосшы	3	4000	1	4000	240000
Бекітүші	3	5000	1	5000	300000
Жұмысшы	2	4000	1	4000	240000

Барлығы: 4 500 000 тг.

Әлеуметтік сақтандыру кететін шығындарын ескерсек, 10%–450 000 тг.

Онда 1 айға есептегенде 4 950 000 тг.

Тәуліктегі еңбек ақысы 4 950 000/30=165 000 тг.

Жоғарыдағы кестедегі барлық есептеулер 2 м қазбаны өту жұмыстарына жұмсалатын шығындар келтірілген, осы себепті 1 м қазбаны өтуге кететін шығын келесідей болады:

$$C = \frac{165000}{2} = 82500 \text{ тг.}$$

Ескерілмейтін шығындарды байланысты 10% құрайды, онда 8250 тг.

$$C = 90750 \text{ тг.}$$

Жазық қазбаны өту жұмыстарында материалдар мен техникаларын келесідей: олар бұргылау кешені, тиеу машинасы, тасымалдау машинасы, жергілікті желдеткіш, бүрікпе бетон шашушы машина және т.б. материалдар құрамына жатады.

#### Кесте 5.2 – Барлық материалдарға кететін шығындар

Материалдар	Мөлшері	Жеке бағасы, тг	Циклдық шығыны, тг	Бір айға кететін шығын
Аммонит 6ЖВ, Гранулит А6	38 дана	190	7200	648 000
детанатор	38 дана	285	10800	972000
бұргыбас	2 дана	600	1200	72000
Штанга	2 дана	5000	10000	60000
Бүрікпебетон, м <sup>3</sup>	0,2	14000	2800	252000
Анкер, дана	5 дана	1500	7500	450000
Барылышы:				4 500 000 тг

Өту жұмыстарында пайдаланатын материалдарға жұмсалатын шығыны 4 500 000 тг шықты. Олай болса, бір тәулікке пайдаланылатын материалдар кететін шығыны 4 500 000/30=150000 тг. Яғни, 1 м тау-кен қазбасын өтуге кететін шығын мөлшері 150000/2=75000 тг.

Штрек қазбасын өту жұмыстарын толық бойымен өтуде кететін шығындар мөлшерін анықтаймыз:

$$C_m = 250 \cdot 75000 = 18 750 000 \text{ тг}$$

Ескерілмейтін жұмыстарға кететін шығындарды ескерсек 10% - 1 875 000 тг.

$$C_m = 20 625 000 \text{ тг}$$

Жазық тау-кен қазбаларын өтуде жұмсалатын энергия шығындары, оның

түрлери, бағасы және пайдалануға кететін шығындар мөлшерін анықтаймыз.

### Кесте 5.3 – Энергияға кететін шығындар мөлшері

Жабдықтар	Энергия Бағасы, тг	Энергия түрі	Қолданылатын қуаты, квт/сағ	Жұмыс ұзақтығы, сағат	Циклдік шығыны	Бір айға кететін шығын
Насос	14	Электр	45	8	693	41580
Ілінген сорғы	14	Электр	100	8	1540	92400
Екі насос	14	Электр	220	8	3388	20328
Шамдар	14	Электр	5	8	770	46200
Прожектор	14	Электр	5	8	770	46200
Бұрғылау кешені	140	Дизель	120	3	50400	1512000
Желдеткіш	14	Электр	220	8	3388	20328
Тиеп-тасымалдау машиналары	140	Дизель	200	1,5	42000	2 520 000
Бекітуші машина	10	Сығылған ауа	115	1,2	1380	82 800

Барлық шығындар қосындысы: 4 381 036 теңге.

Қосымша ескерілмейтін шығындарды ескерсек 10% - 438 104 тг.

Жалпы: 4 819 140 тг.

2 м тау-кен қазбасын өтуде кететін барлық энергия көлемін жоғарыда келтірілді, ал бізге 1 м штректі өтудегі шығындар келесі шығындар келесідей:

$$C_3 = \frac{4819140}{30} = 160638 \text{ тг.}$$

Онда қазбаның жобалық мөлшерін өтуде жұмсалатын энергия шығыны:

$$C_3 = 250 \cdot 160638 \text{ тг} = 4015950 \text{ теңге}.$$

Штрек қазбасының өтуде кететін энергия кететін барлық шығындар келесідей мөлшерде 4 015 950 теңгениңізрады.

### Кесте 5.4 – Амортизациялық шығындар

Жабдықтар	Саны	Бағасы, теңге	Бір жылдық шығын нормасы (20%)тг	Қазбаны өтудегі аммортизаны, 1 ай
Бұрғылау кешені	1	60 000 000	12 000 000	100 000
Тиеп-жеткізу машиналары	2	125 000 000	25 000 000	2 083 333
Бетон машина	2	8 000 000	1 600 000	133 333
Желдеткіш	2	1 250 000	250 000	20833
Шырақтар	25	650	3 250	270,8

Барлық шығындар: 2 350 936,4 теңге.

1 м штректі өтудегі пайдаланатын аммортизациялық шығындар қосындысы келесідей:

$$C_{amort.} = \frac{\frac{2350936,7}{30}}{2,09} = 37\ 495 \text{ теңге}.$$

1 м штрек қазбасының өту жұмыстарына кететін барлық шығындар мөлшерін 5.5 кестеде көлтіріп өтілген.

Кесте 5.5 – 1 м штректі өтуде кететін шығындар

Шығындар	Құны, тг
Еңбек ақы шығыны	41250
Материалдар шығыны	75000
Энергия шығыны	160638
Амортизациялық шығын	37 495
Барлық шығындар қосындысы	314 383

1 м штрек қазбасын өтудегі кететін сметалық құны келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$C_n = K_o \cdot K_h \cdot K_n \cdot K_{ndc} \cdot C_n, \text{теңге}. \quad (5.4)$$

Мұндағы  $K_o$  – кететін шығындарды ескеретін коеффициент;

$K_h$  – салықтық шығындар коэффициенті;

$K_n$  – жоспарлық жинақтауды ескеретін коэффициент;

$K_{ndc}$  – мемлекеттік салықты ескеретін коэффициент.

$$C_n = 1,16 \cdot 1,07 \cdot 1,2 \cdot 1,13 \cdot 314383 = 529\ 128 \text{ теңге}.$$

250 м штректі өту жұмыстарына жалпы кететін шығындар мөлшерін келесідей:

$$C_{жалпы} = 529\ 128 \cdot 250 = 132\ 282\ 000 \text{ теңге} \text{ құрайды}.$$

## ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жобада Шалқия кенішінің тау-кен геологиялық, гидрогеологиялық және т.б. шарттарға байланысты штрек жерасты тау-кен казбасын өту технологиясын жобалау атты тақырыбы қарастырылып өтілді. Жобаны қорытындылай келе жоба негізінен 5 тарауға негізделе отырып жасалынды.

Қарастырылған жұмыстың бірінші бөлімінде кеніштің тау-кен геологиялық және гидрогеологиялық шарттары, кеніш туралы жалпы ақпараттар келтірілді. Яғни, кеніш алқабында түзілген тау-кен геологиялық құрылымдар және олардың құрамы, кен мен таужыныстарының физика-механикалық сиппаттамалары, массивтің жай күйі және кеніштен өтетін су арналары, олардың кен алу барысындағы шарттары және т.б. параметрлер келтірілген. Келесі бөлімінде кеніштің тау-кен техникалық шарттары мен кеніштің ашылу сұлбасы туралы келтірілген.

Арнайы тау-кен бөлімінде Шалқия кенішіндегі қазіргі таңдағы тау-кен қазбаларын өту жұмыстарының шарттары мен жағдайлары, штрек қазбасының өту жұмыстарын жобалау, қазба салынатын массивтің орнытылық көрсеткішін анықтау, қазбаның тиімді болатын көлденең қималарының пішіндері мен өлшемдерін анықтау, бекітпе түрлерін таңдау және есептеу, бұрғылау жару жұмыстарының параметрлерін анықтау, желдетпе жұмыстары, забойды қопарылған таужыныстарынаң тазалау мәселелері, өту жұмыстарын ұйымдастыру деген сияқты мәселелер қамтылып өтілген.

Жерасты тау-кен қазбаларын өту жұмыстары барысында Шалқия кенішінде қолданылатын жабдықтар: қопарылған таужыныстарын тиеу жұмыстарын Eriroc фирмасының Scooptram EST 3,5 электр қуатын тұтынатын жүк тиегіші және таужыныстарын тасымалдауға Minetruck MT42 Battery батериялы машиналарын тиеп тасымалдау жұмыстарына, шпурларды бұрғылау жұмыстарында Eriroc фирмасының Boomer E2 Battery аккумуляторлық қуат көзін тұтатын бұрғылау кешені, бүрікбетонды орнатуға Sprauotec MF 050 жабдығы және т.б. техникаларды қолдана отыра жұмыстар жасалынды.


Дипломдық жобаны орында кеңінде кеніштің әртүрлі шарттарын ескере отырып, жерасты тау-кен қазбасын өту жұмыстарына кететін толық шығындар анықталды. Яғни, жұмыстар көрсеткіштерді барынша тиімділендіру қарастырылды. Барлық есептеу 1 м жерасты тау-кен қазбаларын өту жұмыстарына кететін шығындар қарастырылды. Есептеулер келесідей көрсеткіштер: еңбек ақысы, энергия шығыны, аммортизациялық, материалдарға кететін қаржылар әрқайсысы жекелей есептеле жасалынды. Штрек қазбасын жоспарланған 250 м өтуде кететін барлық шығындар 132 282 000 құралады.

Дипломдық жобаны орындау барысында, қазба өту барысындағы еңбек қауіпсіздіктер шаралары және қоршаған ортаны қорғау мәселелері қарастырыла отырып жасалынды. Бұл өз негізінен қазба өту жұмыстарын тиімділендіреді.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Бегалинов А.Б. Жазық және көлбеу жерасты қазбалары құрылсының технологиясы. Оқу құралы. –Алматы: Қазақ энциклопед., 2008. – 417 Б.
- 2 Бегалинов А.Б. Шахта және жерасты ғимараттарының құрылсының технологиясы. 2 том. Оқулық. – Алматы: ҚазҰТУ, 2011. – 376 Б.
- 3 План горных работ по руднику «Шалкия». 1 том, книга 3. Охрана окружающей среды. Заявление об экологических последствиях. ТОО «Казгипроцветмет», 2002. – 512 С.
- 4 Жәркенов М.І. Жерасты ғимараттарының механикасы және бекітпелердің конструкциялары. Оқулық. –Алматы: ҚазҰТУ, 2007. – 211 Б.
- 5 Ильмухамедов Т.Г. Кен қазбаларын жүргізу технологиясы. Алматы, ҚазҰТУ, 2007.
- 6 Бегалинов А.Б. Тау-кен ісінің негіздері. Оқулық. – Алматы: ҚазҰТЗУ, 2016. – 730 Б.
- 7 СНиП II-94-80. Подземные горные работы. – М: ФГУП ЦПП, 2004.–28 С.
- 8 Сердалиев Е.Т. Таужыныстарын бұрғылап-аттырып қопару. Оқулық, Алматы, Нур-Принт, 2021.
- 9 Интернет желісі:  
<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D1%80%D1%8B%D0%BB%D2%93%D1%8B%D1%88%D0%B7%D0%B0%D1%82%D1%82%D0%B0%D1%80>
- 10 Бегалинов Ә. Тау-кен кәсіпорындарының жерасты кешендерін жобалау: Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық. -Алматы 2011. 285 Б.
- 11 Интернет желісі:  
<https://sudact.ru/law/rasporiazhenie-oao-rzhd-ot-12072022-n-1808r/pot-rzhd-4100612-tsuks-2022/ii/2.15/>
- 12 Б. Бахмагамбетова , М Жараспаев, Т. Кабенов, Тау-кен кәсіпорындарының аэрологиясы. Оқулық. – Алматы, 2013. – 416 Б.
- 13 Правила промышленной безопасности приведении работ подземным способом. МЧС РК РГП ННИЦ. -Астана, 2008 – 392 Б.
- 14 Қабылбеков М. Г. «Кәсіпорын экономикасы». Оқу құралы. – Алматы,2005. –250 Б.


## КОСЫМША А



				Дипломдық жұмыс				
<i>Озғ. Бет</i>	<i>Нº жүзат.</i>	<i>Кол.</i>	<i>Күн.</i>	<i>Шалқия кеңышының шарттарында штрек жерасты тау-кен казасын оту технологиясын жобалау</i>		<i>Адеб.</i>	<i>Масса</i>	<i>Масштаб</i>
<i>Орын. Тәжеріл. Абдикерім Е.Н Бектур Б.К</i>								
				<i>Шалқия кеңішін геологиялық кимасы</i>		<i>Сатпаев университеті</i>		
						<i>Формат А3</i>		

## ҚОСЫМША Ә

# Шалқия кенішінің ашылу сұлбасы



**Шариковые баллеры**

- Самые легкие и надежные  
шариковые баллеры
- Самые легкие баллеры  
из пластика (Предназначены  
для использования в салоне)
- Самые легкие баллеры  
из полипропиленов
- Предназначены для  
использования в салоне

**Компактфриксы**

- Самые легкие алюминиевые  
боксировочные китайские  
баллеры
- Мягкие алюминиевые  
боксировочные китайские  
баллеры

**ДБК - Пробивные-перистые  
компактфриксы**

**АТУ - Алюминиевые  
демонтажные сабльные  
баллеры**

**ДВК - Тяжелые-автомобильные  
кубик-баллеры**



				<b>Дипломдық жұмыс</b>				
<i>Озғ</i>	<i>Бет</i>	<i>№ құжат.</i>	<i>Кол.</i>	<i>Күн.</i>	<i>Шалқия көнішінің шарттарында штреқ жерасты тау-кен қазбасын ету технологиясын жобалау</i>	<i>Адеб.</i>	<i>Масса</i>	<i>Масштаб</i>
<i>Орын.</i>	<i>Абдикерим Е.Н</i>							
<i>Тексер.</i>	<i>Бекспур Б.К</i>					<i>Бет</i>	<i>Беттер</i>	
					<i>Шалқия көнішінің ашылу схемасы</i>	<b>Сатпаев университеті</b>		

## ҚОСЫМША Б

### Штрек қазбасының көлденең қимасының өлшемдері

*A-A қимасы*

*Заезд тау-кен қазбасындағы машиналардың  
орналасуы*



Дипломдық жұмыс				
Оз.	Бет	Н° құжат.	Кол.	Күн.
Ориг.	Абдикерим Е.Н			
Тексер.	Бектур Ә.К			

Шалқия көнішінің шарттарында  
штрек жерасты тау-кен қазбасын  
өту технологиясын жобалау


Адеб.	Масса	Масштаб
Бет	Беттер	

Штрек қазбасының  
көлденең қимасының  
өлшемдері


Сатпаев  
университеті

Формат А3


# ҚОСЫМША В



# ҚОСЫМША Г




**Spraymec MF 050 VC**



**Boomer E2 battery**

**Бүрікпебетонды шашу технологиясы**



**Анкерді орнату технологиясы**



Дипломдық жұмыс					
Оз.	Бет.	№ құжат.	Кол.	Күн.	
Орын.	Абдиқарим Е.Н.				
Тексер.	Бектур Б.К.				

Шалқия көнішінің шарттарында  
штрек жерасты тау-кен қазбасын  
өту технологиясын жобалау

Адеб.	Масса	Масштаб
Бет.	Беттер	

Штрек қазбасының  
бекіту жұмысы

**Сатпаев**  
**университеті**

Формат А3

## ҚОСЫМША Д

## Штрек қазбасын өтудегі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

#### 5.1 кесте – Еңбекшілерге таленетін барлық қаражаттар

Кваліфикациясы	Разряд	Тариф Жауапсым	Бір үақытта жұмыс төсөтіндер саны	Циклическік шығыны	Бір айға кететін шығыны
Ұғындаушы	5	6000	2	12000	720000
Мастер	4	7000	1	7000	420000
Оқтаушы	4	5000	1	5000	300000
Жаруты	4	5000	1	5000	300000
Жұргізуші	3	5000	2	10000	600000
Жоғ жөндеуші	2	4000	1	4000	240000
Жұмысшы	2	3000	2	6000	600000
Электрик	3	4000	1	4000	240000
Жондатуші	4	5000	1	5000	300000
Насосшы	3	4000	1	4000	240000
Бекітүші	3	5000	1	5000	300000
Жұмысшы	2	4000	1	4000	240000

5.2 кесте – Барлық материалдарға кететін шығындар

Материалдар	Мөнисірі	Жеке өнімсіз, т.	Циклдік шынының, т.	Бір айға көтөтін шынының
Аммоний бжВК, Гранулит А6	38 дана	190	7200	648 000
Летаватор	38 дана	290	10800	972000
Бүркібас	2 дана	600	1200	72000
Штанга	2 дана	5000	10000	60000
Бурилебетов, м <sup>3</sup>	0,5	7000	2800	252000
Анкер, дана	5 дана	1500	7500	450000
Баланстырылған				4 500 000 тг

#### 5.4 кесте Амортизациялық шыныңдар

Жабдықтар	Саны	Бағасы, теңге	Бір жылдық шамашы нормасы (20%)д.	Казбандың отудегі нормасы, 1 ай
Бұрынша көтпені	1	60 000 000	12 000 000	100 000
Тиел-жеткізу машиналары	2	125 000 000	25 000 000	2 083 333
Бетон машина	2	8 000 000	1 600 000	133 333
Жеделтектік	2	1 250 000	250 000	20833
Шырактар	25	650	3 250	270,8
Кабель, м	400	1100	55 000	4583,3
Жеделтешкін күбір, м	400	1100	55 000	4583,3
Күбірлар, м	200	1200	48 000	4000
Барлық мынандар		2 350 936,4		

### 5.3 кесте – Энергияға кететін шығындар мәлшері

Жабдықтар	Энергия бағасы, т.	Энергия түрі	Колданылатын куаты, кВт/сағ	Жұмыс үзактығы, сағат	Шиклік шыбыншы	Бір айға кететін шыбыншы
Насос	14	Электр	45	8	693	41580
Ілінген сорғы	14	Электр	100	8	1540	92400
Екі насос	14	Электр	220	8	3388	20328
Шамдар	14	Электр	5	8	770	46200
Прожектор	14	Электр	5	8	770	46200
Бурғылау кешепі	140	Дизель	120	3	50400	1512000
Желдектіш	14	Электр	220	8	3388	20328
Тиеп-тасымалдау машиналары	140	Дизель	200	1,5	42000	2 520 000
Бекітуш машина	10	Сығылған ауа	115	1,2	1380	82 800

5.5 кесте – 1 м штрекі өтуде кететін шығындар

№	Шығындар	Күнч. тг.
1	Еңбек ақын шығыны	41250
2	Материалдар шығыны	75000
3	Энергия шығыны	160638
4	Амортизациялык шығын	37 495
	Барлық шығындар көзінде	314 383

250 м штреクトегү жумыстарына жаңы кетектің шығындары

132 282 000 тенге купайты

					Дипломдық жұмыс			
Озғ.	Бет	№ күжат.	Кол.	Күн.	Шалқия көнішінің шарттарында штрек жерасты тау-кен қазбасын әту технологиясын жобалау	Aдеб.	Масса	Масштаб
Орын.	Абдиқерим Е.Н							
Тексер.	Бектур Б.К							
					Bет	Беттер		
					Штрек қазбасының әтудегі техникалық-экономикалық корекцияштері	Сатпаев университеті		